



## ТАРИХИ МІНДЕТТЕР ТАЛҚЫСЫ

Ұлт тұтастығын нығайтып, ортақ мұратқа бастайтын құндылықтарымызды жаңғыртатын еліміздің басты қоғамдық алаңы – Ұлттық құрылтай биыл қазақ даласының інжу-маржаны ғана емес, тарихи тағлымға толы, Абылай хан орда тіккен, ел тағдыры шешіліп, маңызды шешімдер қабылданған көрікті Көкше төрінде, қасиетті Бурабайдың баурайында өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтайға қатысушыларды өз-Наурыздың бастауы болған Амал күні мерекесімен құттықтай отырып, алқалы жиынның Ораза айына орайлас келіп отырғанын атап өтті. Құрылтайдың ұлық мерекелермен қатар өтіп жатқаны жақсылықтың нышаны деп бағалаған Президент ел ішіндегі өзгерістерге Ұлттық құрылтай мүшелері де орасан зор үлес қосқанын айтты.

Мемлекет басшысы ең алдымен қоғамда қызу талқыланып жатқан салық реформасына қатысты пікір білдірді. Салық



жүйесі, бұл – бүкіл мемлекеттік жүйенің тірегі. Бюджетте қаржы болмаса, мемлекет өз міндетін толық атқара алмайды, әлеуметтік міндеттемелер де орындалмайды. Сондай-ақ ол еліміз үшін аса қажет шаралардың мән-маңызын халыққа егжей-тегжейлі түсіндіру керектігіне тоқталды.

«Үкімет салық реформасына қатысты жана тәсілдерді ұсынды. Бұл шаралар, жалпы алғанда, дұрыс. Онда негізгі экономикалық және әлеуметтік факторлар ескерілген. Кәсіби мамандар да,

жалпы жұртшылық та қосымша құн салығының мөлшерлемесін көтеру қажеттігіне түсіністікпен қарайды. Дегенмен ұсынылған шараларға, соның ішінде, қосымша құн салығына қатысты сын-пікірлер де естіліп қалады. Бірақ мұндай пайым шынайы ахуалға негізделмеген», – деді Президент.

Расында түрлі себепке байланысты өзіне ауқымды әлеуметтік міндеттеме алмайтын елдер аз емес. Ал Қазақстанның бюджет қаржысының жартысынан көбі әлеуметтік саланың еншісінде.

Сондықтан Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру, денсаулық сақтау салаларына инвестиция салудың жалғасатынын атап өтті.

«Бұл – біздің конституциялық міндетіміз. Бірақ шын мұқтаж азаматтарға ғана көмек көрсетілуі керек. Қызметін асыра пайдалануға, әсіресе, алаяқтыққа жол берілмейді. Сондықтан басымдық берілмеген жобаларға бөлінетін қаржы азаяды. Бұл қажет шара екені айдан анық. Үкімет осы жылдың соңына дейін оны қалай оңтайландыру

керегін біржола анықтап алуға тиіс», – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар айтулы жиында еліміздегі түрлі салық режимі, көптеген жеңілдік пен преференция салық офшоры сияқты ахуал қалыптастырғаны да назардан тыс қалған жоқ.

«Тағы да әдемі көрсеткіштерге әуестеніп кеттік: елімізде екі миллионнан астам салық төлеуші, яғни жеке кәсіпкерлер мен занды тұлғалар тіркелген деседі. Бірақ олардың қандай кәсіпорындар екеніне, қалай пайда болғанына, қанша салық төлейтініне, тіпті оны төлеп жатыр ма, жоқ па дегенге еш талдау жасалмаған. Бірақ қазір құр кінәлаудан іс оңға баспайды. Енді ахуалды шұғыл түзету қажет. Үкімет пен Парламентке айтарым – заннамаға жедел түрде тиісті түзетулерді енгізу керек. Әділ әрі тиімді салық жүйесін құру еліміздің болашағына, кейінгі ұрпақтың тұрмысына тікелей әсер ететінін ұғынған жөн», – деген Президент биліктің әрі қарай да бизнеске қолдау көрсете беретінін айтты.

Салық жүйесінен кейін Қасым-Жомарт Кемелұлы бірінғай уақыт белдеуіне көшуге қатысты пікірталасқа нүкте қойды. Үкімет пен Парламентте бұл мәселе талқыланып, арнайы зерттеулер жүргізілген. Дегенмен шешімге күмән келтірген қоғам белсенділерінің қауіпі мен күмәнді күдігі расталған жоқ.

(Жалғасы 2-3-беттерде)

## ДІН МЕН ДӘСТҮР – ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІМІЗДІҢ МЫЗҒЫМАС ТІРЕГІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан Ұлттық құрылтай қатысушыларына ауызашар берілді.

Президент жиналған қауымды өз-Наурыздың бастауы – Көрісу күнімен құттықтап, қасиетті Рамазан айында тұтқан оразалары қабыл болуына тілектестік білдірді. Сондай-ақ Көкше жерінде өткен Ұлттық құрылтайдың кезекті отырысында көптеген салмақты ұсыныс айтылып, қоғамды толғандырып жүрген маңызды мәселелер көтерілгенін атап өтті.

– Елдік істе күш біріктіру – біртұтас ұлтқа тән қасиет. Сіздер әрдайым азаматтық жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетіп жүрсіздер. Баршаның зор ризашылығымызды білдіреміз. Рамазан айы – «Айлардың сұлтаны». Осы кезде азаматтарымыз игі амалдар жасауға тырысады. Мұқтаж жандарға көмектеседі. Иман келтіріп, рухани жағынан тазарады. Түптеп келгенде, мұның бәрі жұртымыздың ынтымағын арттырады. Берекелі бірлігімізді бекемдей түседі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы озық ойлы ұлт ретінде тек алға қадам басуға шақырды.

– Қазіргі бұлыңғыр, тұрақсыз әлемде халқымыздың тұтастығы аса маңызды. Сондықтан бәріміз саналы, сабырлы болайық, ағайын! Халыққа негізгі саясатымызды дұрыс түсіндірейік. Жаппай жұртқа үлгі болайық. Ел ішіндегі дарынды, қабілетті азаматтарға, ең алдымен, жастарға жол берейік. Біз бір ел, бір халық болып, елеулі өзгерістерді бірге жасап жатырмыз.

Қазақстанның саяси жүйесін толық жаңғырттық. Жаңа экономикалық бағдарымызға сай нақты жоспарымызды жүзеге асыратын болдық. Бүгінде жан-жақты реформалар өз жемісін беріп жатыр. Осы жолда Ұлттық құрылтайдың ерекше рөл атқарғаны сөзсіз. Сіздердің бастамаларыңыз көптеген мәселені уақытылы шешуге ықпалын тигізуде. Бұл бағыттағы жұмыс жалғаса береді. Мен «Ана тілі» газетіне берген сұхбатымда еліміздің алдында тұрған жаңа міндеттерді атап өттім. Негізгі мақсат – баршаға бірдей мүмкіндік беретін Әділетті Қазақстанды құру. Бұл адал азаматтардың қолынан келетін іс. Адал азаматқа тән қасиеттер исламның гуманистік идеяларымен терең астасады, – деп сабақтады сөзін Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев асыл дініміз халқымыздың бітім-болмысымен, таным-түсінігімен біте кайнасып жатқанына, ата-бабалардан мирас болған салт-дәстүрімізбен сабақтас екеніне назар аударды.

– Осы қос құндылық, яғни дін мен дәстүр – ұлттық бірегейлігіміздің мызғымас тірегі. Дәстүрлі ислам – қараңғылықтан ада, мейірім мен жасампаздықтың діні. Ұлтымыздың атадан балаға жалғасқан наным-сенімі адамгершілік құндылықтарға негізделген. Солай болып қала береді. Жұртымыз ақ пен қараны, жақсы мен жаманды ажырата білуі керек. Әсіресе, жастардың



көзі ашық, көкірегі ояу болғаны жөн. Олар жасампаздық жолымен жүруі қажет. Аға буын өскелең ұрпаққа дұрыс бағыт-бағдар беріп отыруы керек. Жастарымыз барша адамзатқа ортақ құндылықтарды бойына сіңіріп өсуге тиіс. Ұлттық болмысымызды сақтай отырып, жаңашылдыққа ұмтылғаны абзал. Сонда біз үйренетін әрі үйрететін ұлт боламыз, – деді Президент.

Мемлекет басшысы ислам – тазалықтың діні екенін алға тартып, өркениетті ел болу үшін тазалық ұғымын қоғамда терең орнықтыру мәселесіне тоқталды.

– Былтырдан бері елімізде «Таза Қазақстан» акциясы жүріп жатыр. Жалпыұлттық жоба жұртшылықтың кең қолдауына ие болды. Әсіресе, жастарымыз, соның ішінде еріктілер ерекше белсенділік танытты. Ұлт-

тық құрылтай мүшелері де игі іске атсалысты. «Таза Қазақстан» жай науқан емес екенін мен бірнеше рет айттым. Оның түпкі мазмұны көшені, ауланы тазалаумен шектелмейді. Бұл – ұлттық болмысымызға қатысы бар мәселе, тұтас еліміздің келбетін өзгертетін бастама, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, қазіргідей геосаяси ахуал күрделенген алмағайып кезеңде ынтымағымызды нығайта түсу маңызды екенін еске салды.

– Тату елде тұрақтылық пен тыныштық болады. Бірлігі мықты ел өркендейді. Қасиетті Рамазан айы еліміз үшін жақсылыққа толы, шарапаты мол ай болсын. Оразада ниет еткен дұға-тілектеріңіз қабыл болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! – деді Президент.

# ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

15 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

(Басы 1-бетте)

«Үкіметтің және депутаттардың басым көпшілігінің, сондай-ақ мамандардың уәжімен келісемін: біздің кең-байтақ жеріміз бар, халқымыздың саны да салыстырмалы түрде алғанда көп емес. Сондықтан елімізде бірінші уақыт белдеуі болуға тиіс. Бұл тәсіл мемлекетті басқару ісін жеңілдетеді, логистика мен көптеген бизнес-үдерісті оңтайландыруға септігін тигізеді. Осымен пікірталасты доғару қажет деп ойлаймын, оның үстіне бұл мәселені саясиландырудың қажеті жоқ», — деді ол.

Сондай-ақ жиында қоғамдық әлеп мәселесі қозғалды. Мемлекет басшысы да қазір әлеуметтік желіде адамға тіл тигізу, ар-намысын аяққа таптау көбейгенін және жалған мәлімет таратушылар бар екенін еске салды. «Мұндай келеңсіз үрдістерді тыю жолын қарастыру керек», — деген Президент құрылтай мүшелері көтерген жат діни ағымдардың мәселесіне назар аударып, оның жастар арасында, әсіресе спорт саласында ықпалы күшейіп бара жатқанын атап өтті.

«Теріс ағымдарға, қазақтың болмысына жат идеологияларға тосқауыл қою қажет екеніне еш күмән жоқ. Елімізде дін бостандығына кепілдік берілген. Бірақ жүгенсіздікке, тәртіпсіздікке жол беруге болмайды. Діннің аса маңызды миссиясы — ұлтты ұйыстыру. Діни ұйымдардың қызметін реттейтін құжаттар осы талапқа сай болуға тиіс. Бұл мәселені жан-жақты қарау керек. Соның ішінде заңнаманы жаңа жағдайға бейімдеп отыру өте маңызды», — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Құрылтайда ел ішінде жиілеп кеткен түрлі алаяқтық әрекеттер, жұртқа ақыл айтып ақша табатын жалған психологтер мен «коучтар» көбейіп кеткені, кинотеатрда көрсетілетін фильмдерге қатысты қоғамдық сын-пікірлер де назардан тыс қалған жоқ.

«Тағы бір маңызды мәселе. Маған белгілі адвокат Айман Омарова хат жолдады. Ол өз хатында күрделі тақырыпты қозғап, әйелдер колониясындағы ахуалға тоқталды. Әсіресе, жүкті әйелдер мен кішкентай балалары бар әйелдердің жағдайына баса назар аударды. Еліміздегі қылмыстық-атқару жүйесінің мақсаты сотталған азаматтарды жазалау емес, түзету болуы керек деген пікірмен келісемін. Ер адам немесе әйел болсын, бас бостандығынан айырылғандардың бәрі заң алдында бірдей. Дегенмен адамгершілік құндылықтарды басшылыққа алып, «Заң мен тәртіп» қағидатын сақтай отырып, кәмелетке толмаған баласы бар әйелдерге қатысты кейбір заңдық ұстанымдарды қайта қарауға болады деп ойлаймын. Құқық қорғау органдары мен депутаттар осы мәселені байыпты әрі жан-жақты зерттеп, шешім қабылдау үшін ұсыныстар енгізуі керек», — деген Мемлекет басшысы тағы бір маңызды мәселенің ақ-қарасын ажыратып берді.

Жоғарыда айтылған жайттардың қатарына кәсіби техникалық колледждер жаңа мамандықтарға сұранысты және еңбек нарығындағы жағдай толықтырды. Сарапшылардың айтуынша, біраз жылдан соң солтүстіктегі халықтың саны едәуір азайып, оңтүстіктегі тұрғындар әлдеқайда көбеюі мүмкін.

«Бұл — өте өзекті мәселе. Себебі аймақтардың еңбек нарығында теңсіздік одан әрі ұшыға түседі деген сөз. Осы мәселемен Үкімет мүқият айналысуы керек. Қостанайдағы колледждің тәжірибесін солтүстік аймақтарда кеңінен қолдану қажет», — деді ол.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев құзырлы органдарға құрылтай қарсаңындағы жұмыс секцияларында айтылған барлық мәселені мүқият қарастыруды тапсырды. Ал кейбіріне ерекше тоқталды. Атап айтқанда, биыл мерзімі аяқталатын түрлі салаға қатысты бағдарламалар мен кешенді жоспарлар сөз болды.

«Мысалы, нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес туралы жоспар-



дың мерзімі биыл бітеді. Бұл құжат 2023 жылы әзірленген. Мұндай жоспар елімізге қажет екені анық. Өйткені осы қауіпті кеселге қарсы күрес — өте маңызды мәселенің бірі. Сондықтан жаңа құжатты дайындауға қазірден бастап кірісу керек. Биыл балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, өзіне-өзі қол салудың алдын алу туралы жоспардың мерзімі де аяқталады. Біз әйелдер мен балалардың құқығын қорғау үшін нақты шаралар қабылдадық. Өткен жылы барлық аймақта балаларды Психологиялық қолдау орталықтары ашылды. Зандарға маңызды өзгерістер енгізілді. Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күреске қатысты заң қабылданған соң ахуал біршама жақсарды», — деп атап өтті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бірақ кейбір шалғай аудандарда әлі күнге дейін мұндай келеңсіз оқиғалар тыйылмай тұр. Жат діни ағымның жетегінде жүрген адамдар жағдайды тіпті ушықтырды. Жергілікті билік өкілдері мен қоғам белсенділері тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмысынан шет қалып отыр.

«Осыған орай, «Қазақстан балалары» атты біртұтас бағдарлама қабылдаған жөн. Озық ойлы ұрпақ өсіру үшін білім мен тәрбие әрдайым қатар жүруі керек. Бұл өте маңызды құжат болмақ. Оны дайындау үшін Үкімет, Парламент депутаттары, омбудсмен Динара Зәкиева, қоғам қайраткерлері өз үлесін қосады деп ойлаймын. Ашығын айтсақ, бала оқыту ісінде бұған дейін білімге көбірек назар аударылды. Ал ұрпақ тәрбиесіне қатысты жүйелі ұстаным болған жоқ. Бұл салаға тиісті деңгейде көңіл бөлінбей келді. «Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы». Сондықтан біліммен қатар тәрбиеге айрықша назар аудару өте маңызды», — деді ол.

Бытыр мектептерде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қолға алынды. Бағдарламаны қабылдау — істің басы ғана. Енді жанарған құжатты еліміздегі барлық мемлекеттік білім ошағына енгізу керек. Оны алдағы уақытта жекеменшік мектептер де басшылыққа алуға тиіс. Себебі тәрбие жұмысы балаларды түгел қамтуы қажет. Президент құрылтай мүшелерінің алдағы уақытта бұл бағдарламаны «Адал азамат» деп атау жайлы ұсынысына қолдау білдірді.

Сондай-ақ жиында соңғы жылдары мемлекеттік наградалар мәселесін қайта қарап, бір жүйеге түскені айтылды. Қасым-Жомарт Кемелұлы енді ведомстволық марапаттар ретке келтіру қажеттігін атап өтті. Соңғы уақытта Президенттің бастамасымен ономастика саласын ретке келтіру үшін ауқымды жұмыс басталғанын білеміз.

«Ономастика саласын, мемлекеттік және мекемелік марапаттар жүйесін жетілдіру, жасампаздық құндылықтарын дәріптеу, әлеуметтік кеселдерді жою, азаматтық қоғамды дамыту — мұның бәрі ауқымды идеологиялық жұмыстың ажырама бөлігі. Сондықтан ішкі саясаттағы шаруаның бәрін жүйелейтін біртұтас тұжырымдамалық құжат керек деген пікірмен келісемін. Ұлт-

## ТАРИХИ

тық құрылтай мүшелері — Еділ Жаңбыршин, Айдос Сарым, Никита Шаталов, Гүлмира Илеуова, Андрей Чеботарев, Данияр Әшімбаев, Марат Шибүтов және басқа да азаматтар осындай ұсыныс айтты. Олар өз бастамасын іске асырып, Ішкі саясат тұжырымдамасының жобасын да әзірледі. Мемлекеттік органдар бұл жобаны жан-жақты зерделеп, барлық мәселені пысықтауы қажет», — деп тапсырды ол.

Президент Тұжырымдамада халқымыздың бірегей болмысын, өмір салтын сипаттайтын жалпыұлттық құндылықтар мен негізгі нышандар айқын көрсетілуі керектігін айтты. Сонымен қатар ұлттық бірегейлігімізді нығайту жолында төл мәдениетіміздегі өз-Наурыз мейрамының орны бөлек екенін жеткізді. Наурыз мерекесі туралы жаңа тұжырымдама әзірленді. Еліміз Ұлыстың ұлы күнін 14 наурыздан, яғни Амал күнінен бастап, он күн бойы атап өтетін болды. Әр күнге нақты атау берілді. Жұртшылық бұл бастаманы жақсы қабылдады. Әсіресе, Наурызнамадағы «Ұлттық киім күні» қоғамның зор қолдауына ие болды. Одан бөлек, аймақтарда театрлар салуға және дамытуға баса назар аудару керектігі сөз болды.

«Жаңа заманда біздің алдымызда жаңа міндеттер тұр. Көптеген ел өзінің салт-дәстүрі мен қазіргі инновацияларды өзара үйлестіру арқылы дамудың даңғыл жолына түскенін тарихтан көріп-біліп отырмыз. Сол секілді біз де төл мәдениетімізді қазіргі әлемдегі шынайы жағдайға бейімдеуіміз қажет. Ұлттық цифрлық мұрағат құрып, оны еліміздегі және шетелдердегі нейрожүйе жасаушылардың еркін пайдалануына мүмкіндік беру керек. Соңғы жылдары біз ұлттық бірегейлігіміздің маңызды факторы — тарих ғылымының дамуына ерекше көңіл бөліп жатырмыз. Бүгінгі Құрылтай тағы бір тарихи белеске тұспа-тұс келді. Биыл ел астанасын Қызылордаға көшіру туралы тарихи шешімнің қабылданғанына жүз жыл толып отыр», — деген Президент халқымыздың «қазақ» деген байырғы атауы да бір ғасыр бұрын қайтарылғанын еске салды.

«Біздің мемлекеттігіміз мыңжылдықтардан бастау алады, оның тамыры тым тереңде жатқаны даусыз. Бірақ осыдан бір ғасыр бұрын ұлттымыздың өз атауының оралуы тарихи әділдік орнату жолындағы маңызды қадам болғанын ашық айтуымыз керек. Бұл істе сол кездегі Үкімет басшысы Сәкен Сейфуллин айрықша рөл атқарды. Ол «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» деген мақала жазып, арнайы идеологиялық науқанды бастап берді. Мұндай маңызды оқиғалар ел жадында сақталуға тиіс. Осы ретте Құрылтайдың келесі отырысын Сыр бойында, кезінде Қазақ елінің астанасы

болған Қызылорда қаласында өткізуді ұсынамын», — деді ол.

Әрине, тарихи-мәдени мұрамызды ХХІ ғасырға сай жаңғыртып, жүйелі түрде дәріптеуіміз қажет. Сөз барысында Мемлекет басшысы ғылыми зерттеулер жүргізу, тарихи ескерткіштерді қалпына келтіру, археологиялық қазба жұмыстарын жандандыру, музей ісін дамыту, шетел мұрағаттарын зерделеу, салт-дәстүрімізді жаңғырту — осы жұмыстың бәрін бір жоспарға келтіру керек екенін атап өтті. Сондай-ақ ол аймақтардағы экономиканың өркендеуіне серпін беретін жаңа мүмкіндіктерге жол ашу және өңірлердің даму деңгейіндегі теңсіздікті жою — қазір мемлекет алдында тұрған негізгі міндеттің бірі екенін сөз етті.

«Биыл экономиканың нақты секторына жұмсалатын қаржы көлемін екі есеге жуық көбейтіп, 8 триллион теңгеге дейін жеткізу жоспарланып отыр. Алдағы жылдары Үкімет нақты секторға бөлінетін қаржы көлемін 10 триллион теңгеге дейін жеткізуге тиіс. Бұл жерде бизнесті қолдаудың елімізде бұрын-соңды болмаған ауқымды шаралары туралы айтылып отыр. Сондықтан биліктің, Үкіметтің бизнеске қысым көрсетіп жатқаны жөніндегі әңгімелер мүлде негізсіз. Бизнес әрдайым Үкімет назарында болған, алдағы уақытта да тыс қалмайды. Қазір бүкіл елімізде ірі инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылып жатыр. Атап айтқанда, 2025-2026 жылдардың өзінде Қашаған кеңішінде газ өңдеу зауыты, сонымен бірге, «Талдықорған — Үшарал» магистралды газ құбыры мен «Бейнеу — Бозой — Шымкент» газ құбырының екінші желісін іске қосу көзделген.

«Достық-Мойынты» темір жол учаскесінің және Алматы бекетін айналып өтетін темір жол желісінің құрылысы аяқталады. «Қызылжар — Мойынты» бағытында жаңа жоба басталады. Осы тұста тағы бір маңызды инфрақұрылымдық жоба қолға алына-тыны туралы жариялағым келеді. Мен Үкіметке Астанадан Арқалық, Торғай және Ырғыз арқылы Транскаспий халықаралық көлік дәлізіне тура шығатын автокөлік жолының құрылысын бастауды тапсырдым. Жаңа күре жол орталық және батыс аймақтардың арасын 560 шақырымға қысқартады. Бұл — тұтас Торғай өңірінің дамуына тың серпін беретін ауқымды жоба. Алдағы төрт жыл ішінде елімізде жыл сайын 200-ге жуық инвестициялық жоба іске қосылып отырады. Осы арқылы біз мемлекеттің жаңа индустриялық қалыбын жасап, көлік-транзит әлеуетін нығайта түсеміз», — деп сөзін жалғады Қасым-Жомарт Тоқаев.

Біздің мемлекетімізге ірі инфрақұрылымдық жобалар өте қажет екені даусыз. Өйткені ауқымды жобалар аймақтардың

## ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

15 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

экономикалық мүмкіндігін арттырады. Мындаған жаңа жұмыс орнын ашып, азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға ықпал етеді. Президент осындай ірі жобаларды жүзеге асыру – еліміздің осы аймақтағы көшбасшылық рөлін арттыратын бірден-бір жол екенін жеткізді.

«Біз 2022 жылы жаңадан үш облыс құрып, осы аймақтардың дамуына күшті серпін бердік. Бұл ақыры дұрыс шешім болды. Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер едәуір артты, инвестиция келе бастады. Соның арқасында жергілікті тұрғындардың тұрмыс сапасы да жақсара түсті. Дегенмен Үкімет жаңа облыстардың ахуалын бақылауда ұстауға тиіс. Оларға көмектесу қажет. Менің тапсырмаммен Абай және Шығыс Қазақстан облыстарында шекара маңындағы бірнеше аудан қалпына келтірілді. Мұны жұрт өте жақсы қабылдады. Жаңа аудандарда тіршілік жанданды, инфрақұрылым жақсара бастады. Ауылды дамыту тұжырымдамасында шекаралық аумақтарға қатысты жұмыстың негізгі бағдары айқындалған. Шеткері жатқан елді мекендердің

деген тиісті ақпаратты алып жатырмын. Жаз шыққан соң өрт қаупі күшейеді. Табиғат апаттарының алдын алу, сақтану шаралары үнемі назарда болуы керек», – деді Президент.

Сонымен қатар ол жаппай цифрландыру мен жасанды интеллекттің барлық салаға кеңінен енгізу мәселесіне үнемі назар аударатынын айтты.

«Құзырлы мемлекеттік органдар сарапшылармен және IT-мамандармен қоян-қолтық жұмыс істей отырып, артық шығындарды азайтуға, барлық саланың ашықтығын қамтамасыз етіп, өнімділігін арттыруға арналған тың тәсілдер іздеп тауып, оны қолданысқа енгізіп отыруға тиіс. Мен бұл мәселені ерекше бақылауда ұстаймын. Экономиканың барлық саласына цифрлық технологиялардың енгізілуі еліміздің бәсекеге қабілетін арттыратын ең басты фактор болуға тиіс», – деді Қ.Тоқаев.

Алқалы жиында айтылған тағы бір мәселе аймақтардың дамуына серпін беретін сала туризмді ілгерілету болды. Оның айтуынша, жергілікті жердегі республикалық

Сонымен бірге тазалық мәселесі әрдайым назарда болуға тиіс. Былтырдан бері елімізде «Таза Қазақстан» акциясы жүріп жатыр. Бастамаға азаматтар жаппай қолдау білдірді. Акция жалпұлттық сипатқа ие болды.

«Мен бұған дейін де айттым, «Таза Қазақстан» – жай науқан емес. Бұл әр адамның және барша халықтың күнделікті дағдысы, өмір салты болуы қажет. Баршаңызға мәлім, екі жыл бұрын менің тапсырмаммен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы басталды. Жобаның негізгі мақсаты мектептегі орын тапшылығын жою, сондай-ақ апатты және үш ауысымды мектептер мәселесін шешу болды. Ақмола облысы ұлттық жоба бойынша салынатын барлық мектептің құрылысын бірінші болып аяқтады. Аймақта 12 мыңнан астам оқушыға арналған жаңа білім ошақтары ашылды. Басқа облыстарда құрылыс барысы мез емес. Үкімет пен «Самұрық-Қазына» қоры бұл жұмысты қолға алуы керек. Мен таяу арада тексеремін. Биыл елімізде 500 мың оқушыға арналған екі жүзден астам мектеп салынады», – деп атап өтті.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы барлық жерде тек «Жайлы мектеп» жобасы аясында мектеп салу міндетті емес екенін, сапалы салынған қарапайым мектептерге де сұраныс жоғары екенін жеткізді.

# МІНДЕТТЕР ТАЛҚЫСЫ



ахуалы ел іргесінің бекем болуына тікелей әсер етеді. Бұл – стратегиялық маңызы бар мәселе. Сондықтан осы бағыттағы жұмысты белсенді түрде жалғастыру керек. «AMANAT» партиясы шекара маңындағы аудандарды дамытуға қатысты жаңа заң қабылдауды ұсынып отыр. Үкіметке депутаттармен бірге бұл бастаманы жан-жақты қарастыруды тапсырамын», – деп сөзін өрбітті Мемлекет басшысы.

Президент аймақтардың дамуындағы алшақтықты жою үшін нақты стандарттарға сүйене отырып инфрақұрылым, әлеуметтік қамсыздандыру, экологиялық көрсеткіштер және басқа да маңызды өлшемдер бойынша артта қалған өңірлерді анықтау қажеттігін де атап өтті.

«Орталықтың күш-жігерін осындай алшақтықты жоюға жұмылдыру керек. Сол үшін қазір Өңірлерді дамыту тұжырымдамасы әзірленіп жатыр. Құжатта аймақтар арасындағы теңсіздікті жоюға және мекемелер арасындағы өзара іс-қимылды жақсартуға бағытталған тың тәсілдер қарастырылады. Өңірлердің іс-қимылы нақты салаға жауапты мемлекеттік органдардың республикалық деңгейде атқарып жатқан жұмыстарына сәйкес жүргізілуі қажет. Іс-шаралар үйлесімді болуға тиіс. Бұл – барлық салаға қатысты мәселе. Мысалы, солтүстікке көктем енді келіп жатыр. Қар еріп, елді мекендерді қарғын су басу қаупі туындайды. Былтырғы тасқыннан орталық та, жергілікті билік те қорытынды жасады

және халықаралық іс-шаралар өңірлердің туристік әлеуетін арттыруға ықпал етеді. Биыл Таразда өтетін «Достастық жәрмеңкесі» осындай жобаның бірі болмақ. Жәрмеңкеге көптеген елдің қолөнершілері мен ауыл шаруашылығы мамандары шақырылды. Бұл іс-шара серіктес елдермен экономикалық байланысымызды одан әрі күшейтеді. Сонымен қатар ең көне сауда және мәдениет орталығының бірі – Тараз қаласының беделін арттыра түседі, облысқа жаңа инвестиция тартуға және туристердің көптеп келуіне септігін тигізеді.

«Біз Балқаш көлінің айналасында Тұран жолбарысының популяциясын қалпына келтіруге кірістік. Бұл – шаруашылық қызметке байланысты шешуге тура келетін көптеген мәселемен қатар жүретін күрделі міндет. Келесі кезекте ілбестерді сақтап, оның санын көбейтуіміз керек. Адамзаттың бүлдіргі іс-әрекетінің кесірінен Каспий итбалығы, қызғылт кокиказ және басқа да ерекше жан-жануарлар мен өсімдіктер әлеміне қатер төніп тұр. Ашы да болса шындық осы. Біз табиғаттың осы бір сыйына барынша назар аударып, оны сақтай білуіміз қажет. Сондықтан Халықаралық биологиялық әралуандықты қорғау қорын құру керек деп санаймын. Мен Мемлекет басшысы ретінде бұл ауқымды жұмыстың маңызы орасан зор екенін көрсету үшін осы қоғамдық ұйымға өзім жетекшілік етуге дайынмын», – деп Президент бұл істің тікелей өз назарында болатынын мәлім етті.

«Өйткені «Жайлы мектептер» айтарлықтай қымбат, оны әр облысқа сала берудің қажеті де шамалы. Үш жылда 1300, соның ішінде ауылдағы 900 білім ордасын жаңғырту қажет. Жаңа оқу жылына дейін мемлекеттік және жекеменшік мектептің барлығы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін арнайы құралдармен жабдықталуға тиіс. Тұрғындарға, әсіресе әлеуметтік жағынан осал топтағы азаматтарға баспаның қолжетімді болуы – тұрмыс сапасының жақсарғанын білдіретін негізгі көрсеткіш. Былтыр мемлекет осы санаттағы адамдар үшін 21 мыңға жуық пәтер сатып алды. Соңғы екі жылда бірқатар қалада (Семей, Тараз, Кентау, Орал) ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған заманауи оңалту орталықтары бой көтерді», – деді Президент.

Сонымен қатар ол медицина инфрақұрылымын дамыту жұмыстарына тоқталды. Осы жылдың соңына дейін «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 188 медицина нысаны салынады. Бұдан бөлек, әрбір облыс орталығында ерекше қажеттілігі бар, соның ішінде аутизмге шалдыққан балаларды оңалту және дамыту орталықтарын құру керек.

«Енді Ақмола облысындағы кейбір бастамалар мен жобаларға назар аударғым келеді. Өздеріңіз білесіздер, мен 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияладымын. Бұл – кәсіптік және техникалық білім беру саласын жаңғыртуға және жұмысшы мамандардың қоғамдағы беделін арттыруға арналған маңызды шешім. Жастардың заман талабына сай білім алуын қамтамасыз ету үшін Үкімет пен облыс әкімдігі Қосшы қаласында халықаралық деңгейдегі колледж ашуы керек», – дей келе, Қ.Тоқаев облыстағы ерекше табиғи-климаттық жағдай заманауи сауықтыру кешендерін ашуға зор мүмкіндік беретінін де атап өтті.

«Спорттың түрлі саласынан, әсіресе, қысқы спорттан ұлттық құрамаларды даярлау үшін өңірдегі спорт базаларын дамыта беру керек. Ақмола облысының өкілдері қысқы спорт түрлері бойынша әлемдік және құрлықтық бәсекелерден ел қоржынына жүлде салуға үнемі мол үлес қосып жүр. Елімізде футболды дамытуға баса мән беру керек деп санаймын. Демеушілер қаржысы

есебінен облыстық стадиондардың көпшілігін жаңғырту қажет немесе жаңа футбол стадиондарын салуды қолға алған жөн. Бұл мәселені бақылауда ұстаймын. Әрбір облыс, аудан орталығында, кент пен ауылда балаларға арналған футбол алаңы болуға тиіс. Бұл – алдағы екі жылдың міндеті», – деп қадап айтқан Мемлекет басшысы барлық тапсырмалардың орындалуы жіті назарда болатынын жеткізді.

«Қуатты аймақтар – қуатты ел» ұстанымы – Президенттің саяси бағдарындағы мызғымас қағиданың бірі. «Үкімет осы қағиданы негізге ала отырып, облыстардың еншісіндегі әлеуметтік салықты сақтап қалу туралы шешім қабылдады. Алайда облыс әкімдері бюджет қаржысын үнемдеп, тиімді пайдалануы керек», – деген Қ.Тоқаев елге пайдасы тиетін әлеуметтік маңызы бар жобаларға басымдық беру қажеттігін еске салды.

Осыған дейін жүзеге асырылған реформалар елдің дамуына зор серпін бергені анық. Соның нәтижесінде қоғамның өзгерістерге деген үмігін оятап, әділдікке деген сенімін қалпына келтірді.

Президент өз сөзінде 2019 жылдан бері Қазақстан экономикасының нақты өсімі 15,6 пайыз болғанына ерекше назар аударды. Сонымен қатар еліміздің ішкі жалпы өнімі 288 миллиард долларға жеткенін, ал жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім 46 пайызға дейін артып, 14 мың доллардан асқанын мәлімдеді.

«Сыртқы сауда айналымы 45 пайызға жуық өсіп, 140 миллиард доллар болды. Негізгі капиталға салынатын инвестиция бір жарым есеге ұлғайды. Былтыр оның көлемі 19 триллион теңгеден асты. Инвестиция білім-ғылым саласына 5 еседен астам, көлік саласына 3 есеге жуық, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету саласына 3,5 есе көп салынды. Осы уақытта 500-ден астам мектеп бой көтерді.

Көптеген денсаулық сақтау, спорт және басқа да әлеуметтік нысандар ашылды. 4 400 шақырымға жуық автокөлік жолдары салынды және жөнделді. Жаңа темір жол желілері пайдалануға берілді. Ондаған өндіріс орны іске қосылды. Мемлекет ауыл еңбеккерлерін қолдауды барынша күшейтті. Былтыр күзде 27 миллион тонна астық жинап, рекордтық көрсеткішке қол жеткізді. Кәсіпкерлікті дамытуға әрдайым баса назар аударылады.

Тұрғын үй құрылысының қарқыны едәуір өсіп, былтыр 19 миллион шаршы метр баспана пайдалануға берілді. Бұл да – бұрын-соңды болмаған жетістік. 2019 жылдан бері елімізде 250-ден астам жатақхана салынды. Соның нәтижесінде орын тапшылығы 6 есе қысқарды. Студенттер саны ұдайы көбейіп, жоғары оқу орындарында 624 мың азамат білім алып жатқанына қарамастан, осыған қол жеткізе алдық. Бұл – жоғары көрсеткіш. Еліміздің 90 мыңнан астам азаматы шетелде оқиды. Бұл біздің қоғамның ашықтығын көрсетеді. Біздің көк төлқұжатымыз әлемдегі 92 мемлекеттің аумағына визасыз емін-еркін кіруге мүмкіндік береді», – деген Мемлекет басшысы еліміздің жеткен жетістіктерін тілге тиек етті.

Сондай-ақ ол еліміздің халықаралық аренада зор құрметке ие мемлекет екенін және елімізді «орта держава» деп атайтынын сөз етті.

«Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Алматыда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының аймақтық орталығын ашу туралы қарар қабылдады. Осы шешім еліміздің әлемдегі ықпалы мен беделі зор екенін аңғартады», – деді Мемлекет басшысы.

Президент өз сөзінде Тәуелсіздігіміздің 40 жылдығы жақындап келе жатқанын және осы маңызды белеске қандай жетістікпен жетерімізді, оған дейін қандай тарихи міндеттерді орындауға тиіс екенімізді нақты білу маңызды екенін айтты.

Дайындаған  
Кәмила ДҮЙСЕН

## ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

15 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

# ОТАНЫМЫЗДЫ ӨРКЕНДЕТУДІҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІ



Кеше қастерлі Бұрабай баурайында Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысы өтті. Алқалы жиында Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев елдің алдағы бағдарын айқындап берді. Онда соңғы кезеңде қоғамда қызу талқыланған өзекті мәселелерден бастап еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси бағдарына қатысты басымдықтар түгел қамтылды.



**Мәулен ӘШІМБАЕВ,**  
Парламент Сенатының Төрағасы:

Жалпы, Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтай туралы бастаманы осыдан бірнеше жыл бұрын өз Жолдауында көтеріп, оны елді жаңғыртудың тиімді тетіктерінің бірі ретінде ұсынған болатын. Содан бері Қазақстанда түбегейлі өзгерістер қолға алынып, кешенді саяси реформалар іске асырылды. Мемлекет басшысы осы ауқымды жұмысқа Ұлттық құрылтай мүшелері зор үлес қосқанын атап өтіп, бұл бастама арқылы қоғамдық диалогтың жаңа үлгісі қалыптасқанын айтты.

Президентіміз көптің назарына ілінген салық реформасына қатысты пікірін білдірді. Бұл ретте Қазақстан әлеуметтік мемлекет екені, егер бюджетте қаржы болмаса, тиісті міндеттемелер толық орындалмайтыны, ал салық осы жүйенің басты тірегі саналатыны айтылды. Сондықтан Мемлекет басшысы Үкімет ұсынған жаңа тәсілдерді халыққа егжей-тегжейлі түсіндіру ісіне баса мән берді.

Сондай-ақ Президентіміз салықтан жалтару үшін бизнесін бөлшектейтіндерге

және заңнамада соған жол беретін олқылықтарға назар аударып, тиісті заңдарға жедел түрде қажетті түзетулер енгізуді тапсырды. Осы ретте қолға алынып жатқан шаралардың мәні мен маңызын азаматтарға жеткізуге және қажетті заңнамалық жұмыстарға Сенат депутаттары белсенді қатысатынын атап өткім келеді.

Жиында бірінғай уақыт белдеуіне көшу елді басқаруды және логистика мен көптеген бизнес-үдерісті оңтайландыру үшін қолайлы тәсіл екені айтылды.

Құрылтай отырысында еліміздегі діни ахуал мен жат ағымдарға тосқауыл қою мәселесіне ерекше мән берілді. Президентіміз атап өткендей, діннің аса маңызды миссиясы – ұлтты ұйыстыру. Сондықтан діни ұйымдардың қызметін реттейтін құжаттар аталған талапқа сай болуға тиіс. Осы мәселені жан-жақты қарап, заңнаманы

жаңа жағдайға бейімдеп отыру ерекше мәнге ие.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы қылмыстық-атқару жүйесінде адамгершілік құндылықтарға басымдық бере отырып, «Заң мен тәртіп» қағидатын сақтау арқылы кәметке толмаған баласы бар әйелдерге қатысты кейбір заңдық ұстанымдарды қайта қарау жөнінде ұсыныстар енгізуді жүктеді.

Жиілеп кеткен алаяқтық әрекеттерге тосқауыл қою, жалған психологтер мен «коучтардың» іс-әрекетін жауапты органдар назарға алу мәселелері де сөз болды.

Ұлттық құрылтайда Президентіміз идеологиялық бағыттағы басымдықтарды да айқындап берді. Бұл орайда кино өндірісіне жіті мән беріп, дайын фильмдерді экранға шығармас бұрын ұлттық мүдде тұрғысынан мұқият зерделудің берері мол екені анық.

Биыл Жұмысшы мамандықтар жылы аясында көптеген іргелі бастама қолға алынып жатыр. Осы бағытта кәсіби техникалық колледждер жаңа мамандықтарға сұранысты және еңбек нарығындағы жағдайды ескеруге тиіс. Мемлекет басшысы өз сөзінде осы мәселені баса айтты.

Сондай-ақ Президент белгілеп берген негізгі міндеттің бірі – жекелеген бағыттар бойынша мемлекеттік аппараттың жұмысын жүйелеп, ретке келтіру. Соның аясында

түрлі салаға қатысты бағдарламалар мен кешенді жоспарларды қайта жаңғырту аса маңызды.

Білім беру ісін дұрыс тәрбиеге негіздеу арқылы озық ойлы ұрпақ, адал азамат қалыптастыру аса маңызды екені нақты айтылды.

Үкіметтік емес ұйымдар туралы заңды жетілдіру, ішкі саясаттағы жұмыстарды жүйелейтін біртұтас құжат әзірлеу, мәдениет саласын дамыту, Абай институттарын толыққанды мәдени-ағарту мекемелеріне айналдыру бағыттары бойынша да белсенді жұмыс жүргізілетін болады.

Құрылтайдың отырысында аймақтардағы экономиканың өркендеуіне серпін беретін жаңа мүмкіндіктерге жол ашу және өңірлердің даму деңгейіндегі теңсіздікті жою – бүгінде мемлекет алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі ретінде белгіленді.

Мемлекет басшысы атап өткендей, биыл экономиканың нақты секторына жұмсалатын қаржы көлемін екі есеге жуық көбейтіп, 8 триллион теңгеге дейін жеткізу жоспарланып отыр. Алдағы жылдары Үкімет нақты секторға бөлінетін қаржы көлемін 10 триллион теңгеге дейін жеткізуге тиіс. Соның аясында бизнесті қолдаудың елімізде бұрын-соңды болмаған ауқымды шаралары қолға алынады.

Президентіміз елімізде іске асырылып жатқан ірі инфрақұрылымдық және инвестициялық жобаларға жеке тоқталып, мұның бәрі еліміздің аймақтағы көшбасшылық рөлін арттыра түсетін маңызды қадамдар екенін айтты.

Сондай-ақ бүгін шекара маңындағы аудандарды дамыту туралы заң қабылдау, аймақтардың дамуындағы алшақтықты жою үшін әзірленіп жатқан Өңірлерді дамыту тұжырымдамасын жан-жақты пысықтау, ғылым қалашығын құру жөнінде заң жобасын әзірлеу және ерекше қажеттілігі бар балаларды қолдауға арналған арнайы заң даярлау мәселелері қозғалды.

Экологияны қорғау және жан-жануарлар дүниесін сақтау туралы да нақты ұсыныстар айтылды. Соның ішінде Биологиялық әралуандықты қорғау қорын құру бастамасы іргелі жоба екені анық. Шын мәнінде, оған Президентіміздің басшылық жасауы аталған ауқымды жұмыстың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Құрылтай отырысында Қазақстанның төрт саладағы орасан зор мүмкіндігі туралы да айтты. Олар: цифрландыру ісі мен жасанды интеллект, көлік тасымалы, энергетика, агроөнеркәсіп кешені және адам капиталы. Мұның бәрі – еліміздің жаңа әлемдегі орнықты дамуына ықпал ететін негізгі факторлар. Осы ретте Мемлекет басшысының Ядролық энергетика агенттігін құру туралы шешімі еліміздің ядролық кластер ретінде қалыптасуына жол ашатынын атап өткен жөн.

Жалпы, жыл сайын Құрылтайдың мәні артып, мазмұны кеңейіп келеді. Биыл көтерілген ауқымды мәселелер мен белгіленген маңызды міндеттер соған дәлел. Бұл басым бағыттар Әділетті, Қауіпсіз, Таза, Қуатты Қазақстан құру идеясын іске асыру үшін қолға алынған кешенді бастамалар екені анық. Біздің алдымызда тұрған ендігі міндет – осы іргелі істерді жүйелі түрде жүзеге асырып, Отанымызды одан әрі өркендету. Барлық қазақстандық аталған маңызды міндеттерді орындау жолында белсенділік танытып, ел дамуына өз үлестерін қосады деп сенемін.



# ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

15 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ



## ҰЛТТЫ ҰЙЫСТЫРҒАН ҚҰРЫЛТАЙ



**Ерлан ҚОШАНОВ,**  
Парламент Мәжілісінің Төрағасы:

Кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Ұлттық құрылтайдың IV отырысы өтті. Ұлыстың ұлы күні қарсаңындағы дәстүрлі жиын бұл жолы Бурабайдың баурайында ұйымдастырылды.

Естеріңізде болса, осыдан тура үш жыл бұрын Мемлекет басшысы халыққа тарихи Жолдауын жариялап, елімізде түбегейлі жаңғыру, ауқымды реформалар басталған болатын. Бұл елдің еңсесін, халықтың рухын көтерген ерекше Жолдау болғаны есімізде. Бұл жолғы сөзін Президент осы кезеңде атқарылған іргелі істерді қорытындылаудан бастады. Мемлекет басшысы елдің болашағына қатысты сүбелі ойларын ортаға салып, мемлекетіміз үшін ең өзекті, ең түйткілді мәселелер бойынша көзқарасын білдірді.

Қазір қоғамда қызу талқыланып жатқан ең маңызды мәселенің бірі – салық реформасы. Бұл тақырыптың төңірегінде әртүрлі пікір айтылып жүр. Әсіресе, қосымша күн салығына қатысты сан алуан көзқарас бар екені жасырын емес.

Үкімет салық реформасына қатысты біраз ұсыныс берді. Қазір Мәжілісте жаңа Салық кодексінің жобасы қаралуда. Соның аясында 200-ге жуық адамнан құралған жұмыс тобы үлкен шаруа атқарып жатыр деп айта аламын. Оның құрамында кәсіпкерлер, сарапшылар мен қаржыгерлер, мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері мен ең білікті депутаттарымыз бар.

Басты міндет – қолға алынып жатқан бастамалардың мән-маңызын халыққа дұрыс жеткізу, түсіндіру. Президент құрылтайда мұны дөп басып айтты. Салық кодексіні қарау кезінде осыған ерекше мән беріледі.

Біз бизнестің бөлшектелуіне, салықтан жалтаруына жол бермеуге тиіспіз. Ол үшін әділ, ашық әрі тиімді салық жүйесін қалыптастырамыз. Мемлекет басшысының бүгінгі берілген тапсырмаларына сәйкес, Үкіметпен бірлесіп, осы бағыттағы жұмысты барынша күшейтетін боламыз.

Қасым-Жомарт Тоқаев бірыңғай уақыт бөлдеуі мәселесіне де жеке тоқталды. Үкімет пен Парламент бұл түйткілмен былтырдан бері айналысып келеді. Мәселенің мән-жайын жетік зерделеу үшін арнайы мониторинг жүргізілді. Үш ай бойы Үкімет аймақтардағы ахуалды, уақыт бөлдеуінің әсерін мұқият зерттеді. Оның қорытындысын осы аптада Мәжілістегі «АМАНАТ» фракциясының отырысында таныстырды.

Мамандар бұл жайтқа өте жауапкершілікпен қарады деп айта аламыз. Олар бірыңғай уақыт бөлдеуінің пайдасы мен тиімді тұстары туралы дәйекті тұжырымдар келтірді. Әр өңірдегі жағдай жеке-жеке сараланды. Барлық фактор ескерілді. Бүгін Мемлекет басшысы бірыңғай уақыт бөлдеуін енгізудің маңыздылығын айтып, мамандардың уәжін қолдады. Осылайша, бұл мәселенің нүктесі қойылып отыр.

Жалпы, Ұлттық құрылтайда қоғамдағы ең өзекті мәселелер көтерілді. Әдепке, діни ахуалға, интернет алаяқтыққа, жалған психологтер мен коучтарға қатысты да түрлі пікір айтылды. Президент осы салалардағы заңнаманы жетілдіру мәселесіне мән берді.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы ұлттық идеологияның пәрменді құралы саналатын отандық кинематографияның келешегіне арнайы тоқталды. Жасыратыны жоқ, қазір киноның сапасы мен мазмұнына қатысты сыни пікір аз емес. Әрине, олардың денін жеке компаниялар түсіріп жатыр. Былтырдың өзінде 94 картина жарыққа шыққан екен. Президент олардың сапасына жауапкершілікпен қарауға шақырды. Жаппай көрсетілімге шығармас бұрын, алдын ала сүзгіден өткізіп, әр туындының маз-

мұны мен тәрбиелік мәнін таразылауды тапсырды. Оған қоса, отандық анимацияны дамытуға да ерекше мән берді. Өскелең ұрпақты ұлттық нақышта тәрбиелеу үшін біз осыған ден қоюға тиіспіз.

Тағы бір маңызды мәселе – әйелдер колониясындағы ахуал. Бас бостандығынан айырылған жандардың тағдыры назардан тыс қалмауы керек. Біз әрдайым адамгершілік құндылықтарды, заң мен тәртіп қағида-дәттарын басшылыққа алуымыз қажет. Әсіресе, осындай жағдайға тап болған кәметке толмаған баласы бар әйелдер заңмен қорғалуға тиіс. Мемлекет басшысы осыны алға тартып, мәселені байыпты зерттеуді тапсырды. Бұл бағытта құқық қорғау органдары мен депутаттар бірлесіп жұмыс істейтін боламыз.

Құрылтайда әлеуметтік, мәдени-гуманитарлық мәселелермен бірге ел экономикасына қатысты да кесек-кесек ойлар ортаға салынды. Қазір әлемдік ахуал күрделі. Жаһандық экономиканың өзі біраз қиындықты бастан кешіп отыр. Оның салқыны бізге де сезілуде. Осы жағдайда отандық экономиканы дамыту, өңірлерді өркендету – негізгі міндеттің бірі. Президент биыл экономиканың нақты секторына жұмсалатын қаржы көлемі екі есеге жуық артып, 8 триллион теңгеге дейін жететінін айтты.

Мемлекет басшысы әрдайым аймақтарды дамытуға ерекше мән беріп келеді. Қуатты өңірлер – қуатты елге айналуың кепілі.



Әсіресе, шекара маңындағы аудандар мен ауылдардың қаңырап бос қалмауы маңызды. Керісінше, өсіп-өркендеуі қажет. Мұны мемлекеттік саясаттың басым бір бағыты дер едім.

Бұл орайда «АМАНАТ» партиясы шекара маңындағы аудандарды дамытуға қатысты жаңа заң қабылдауды ұсынған болатын. Президент осы бастаманы қолдап, мәселені Үкімет пен депутаттарға бірлесіп мұқият қарастыруды тапсырды.

Сонымен қатар Қазақстанда экономиканың жаңа салаларын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Мемлекет басшысының бастамасымен, әсіресе IT саласы, жасанды интеллект, цифрландыру бағытында кешенді жұмыс қолға алынады. Бұл – болашақтың технологиясы, келешектің экономикасы. Сондықтан қайткенде де заман көшінен қалмауымыз керек.

Президент айтқандай, Қазақстанның кемінде төрт салада орасан зор мүмкіндіктері бар. Ол – цифрландыру ісі мен жасанды интеллект, көлік тасымалы, энергетика, агроөнеркәсіп кешені және адам капиталы.

Қазір Мәжіліс қабырғасында жасанды интеллект туралы заң жобасы қаралып жатыр. Алдағы уақытта жаңа Цифрлық кодекс келіп түседі. Осы заң жобаларымен жұмыс барысында біз Президенттің алға қойған барлық тапсырмасын басшылыққа аламыз.

Экономиканың қарыштап алға басуы ғылымға тікелей байланысты. Мемлекет басшысы отандық ғылымды дамыту туралы үнемі айтып жүр. Тіпті, Ұлттық ғылым академиясының мемлекеттік мәртебесін қайтарды. Былтыр біз Ғылым мен технологиялық саясат туралы заң қабылдадық. Көп шаруа атқарылуда. Бірақ әлі де жұмысты ширатамыз. Ол туралы Президент тағы да айтты.

Келесі мәселе – ерекше қажеттілігі бар балаларды қолдау. Өкінішке қарай, елімізде мұндай балалардың саны азаятын емес. Мемлекет басшысы әрбір облыс орталығында ерекше қажеттілігі бар, соның ішінде аутизмге шалдыққан балаларды оңалту және дамыту орталықтарын құруды тапсырды. Ал Парламент өз тарапынан жылдың соңына дейін осындай балаларға жан-жақты қолдау көрсету ісін реттейтін жаңа заң әзірлейді.

Бұдан бөлек, құрылтайда ономастика саласын, мемлекеттік және мекемелік марапаттар жүйесін жетілдіру, жасампаздық құндылықтарын дәріптеу, әлеуметтік кеселдерді жою, азаматтық қоғамды дамыту мәселелері көтерілді.

Жалпы, биылғы құрылтай мазмұнды өтті. Барлық мәселе жан-жақты қамтылды. Ең бастысы – елдің бірлігі, мемлекеттің тұрақтылығы, экономиканың дамуы, халықтың әл-ауқатының артуы. Бүгін осы сұрақтарға Мемлекет басшысы нақты жауап берді.

Былтырғы Атырауда өткен құрылтайдың қорытындысы бойынша Парламент 9 заң қабылдаған еді. Олардың қай-қайсысы да өзекті, елге қажетті, маңызды заңдар. Бұл қарқынды біз биыл да жалғастырамыз.

Ойымды Мемлекет басшысының мына бір сөзімен аяқтағым келіп отыр: «Біздің ұлттымыздың арман-мұраты Әділетті, Қауіпсіз, Таза, Қуатты Қазақстанды құру идеясынан бастау алады». Ендеше осы жолда бәріміз Президентіміздің жанынан табылып, ұлт мүддесіне аянбай қызмет ете берейік!

# ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

15 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

Кеше Бурабайда өткен Ұлттық құрылтайдың IV отырысында ішкі саясат пен идеология тақырыбында жеті мәселе бойынша ұсыныс тастадым.

Біріншіден, осы кезге дейін елімізде талай мәрте идеологиялық саясат жасақтау әрекеттері болғаны белгілі. Олардың барлығын дәл қазір тізіп тізбектеудің қажеті жоқ деп санаймын. Бірақ түптеп келетін болсақ, олардың өмірден ойып орын ала алмауына, шынайы өмірдің өзегіне айнала алмауына бірнеше себеп бар. Олар: пост-советтік, посткоммунистік инерция, қоғамның этнодемографиялық құрамы, Қазақстан қоғамы мен оның аймақтарының әркелкілігі, идеологиялық нарративтердің әркелкілігі, идеология мен шынайы өмір, сөз бен іс арасындағы алшақтық тағысын тағы.

Мысалы, ұзақ жылдар бойы байлықты, бай атаулыны жамандықтың синонимі деп түсінген қоғам ішінде нарық туралы керәғар пікірлер қалыптасты. Мұның кейбір қайшылықтары мен сарқыншақтарын әлі күнге дейін көріп келеміз.

Тағы бір мысал. Бүгінде совет заманын бір керемет таза, пәк кезең деген жалған нарратив кең тараған. Ал шын мәнінде, шындығында біздегі қылмыс та, қылмыстық сана да, жемқорлық та, паракорлық та барлығы да советтік



кезеңнен басталып, жалғасып, үдеп кеткен құбылыстар. Оларға нарықтық экономиканың немесе демократияның қатысы шамалы.

Тағы бір мысал. Қазақ әдебиеті мен мәдениетінде совет кезеңінде қолдан жасалған «ауыл» мен «қала» арасындағы қаттығыс, аграрлық және қалалық сана арасындағы конфликт әлі күнге дейін шешімін таппай келеді. Ауылды қала дәрежесіне көтеру емес, қаланы ауыл дәрежесіне апаруға алып келеді.

Бұл — үлкен идеологиялық қателік. Осындай қателіктер мен олқылықтар объективті түрде сараланып, шынайы сарапталуға тиіс.

Екіншіден, дейтұрғанмен соңғы кездері зиялы ортада, ел ішінде, баспасөз бетінде, әлеуметтік желілерде «Қазақстанға жаңа мемлекеттік идеология қажет» деген сыңайдағы әңгімелер саны күн санап артып келеді. Мұның өзі ойлануы керек, ел тарихының бір тарихи кезеңі аяқталып, оның жаңа бір сапалы сатыға, жаңа тарихи дәуірге аяқ басқанының нышаны деп білемін. Идеологияға деген сұраныс, жаңа идеологияны талап ету белгілі бір тарихи кезеңнің аяқталғанын білдіреді.

Жалпы алғанда, Қазақстан тарихының жаңа кезеңінің «Біз кіміз?», «Қайдан шықтық?»,



## АДАЛ АДАМ АДАЛ ҚОҒАМДЫ ҚҰРА АЛАДЫ

«Қайда бара жатырмыз?», «Кім және қандай болуымыз шарт?» деген сұрақтардан басталуын өз басым жақсылыққа жорығым келіп отыр. Осы сұрақтарға шынайы жауап бере алсақ, болашақтағы болмысымызды айқындап, қиын кезеңдерден, тарихи сынақтардан аман шыға аламыз.

Осы себепті көпшіліктің талап тілектерін ескере отырып, Прези-

дентіміз соңғы үш жылда айқындаған, үш Құрылтайда талқыланды, уақыт елегі мен қоғам талқысынан өткен идеологиялар мен құндылықтарды топтастырған кемі 2030 жылға дейінгі уақытты камтитын Ішкі саясат доктринасы не концепциясы қабылданыуы шарт.

Үшіншіден, идеология дегеніміз — саясат пен мәдениетті жалғайтын өмірлік өзек, табиғи арна. Мемлекет басшысының бастауымен біршама жұмыс атқарылып, жасақталып жатыр. Соның бірі — еліміздегі архивтік революция. Президент құрған мемлекеттік комиссияның ұйғарымымен 700 мыңнан астам НКВД КГБ органдарының құжаттары мен істері құпиясыздандырылды. Соңғы үш жыл шамасында зұлмат жылдардағы Қазақстанның тарихына қатысты мыңдаған құжаттар жарияланып, ғылыми айналымға түсті. Серия-серия, том-том тарихи құжаттық жинақтар жарық көрді.

Тағы бір үлкен жетістік — еліміздің жаңа тарихында қазақ ғалымдары тұңғыш рет өз тарихын түгендеп, өткенін тәуелсіз саралауға мүмкіндік алды. Қазақстан тарихының көптомдық академиялық тарихын жазуға бүгінде жүздеген отандық және әлемдік ғалымдар тартылып, жұмысын

белсенді жүргізіп жатыр. Алдағы жылы көптомдық қазақ, орыс, ағылшын тілінде жарияланып, болашақта еліміздің мектептен университетке дейінгі барша оқулықтарын жаңартуға мүмкіндік беретін тұғырлы қадам.

Менің ойымша, бүгіннен қалдырмай «Қазақстанның саяси ойы тарихы», «Қазақстанның құқықтық тарихы», «Қазақстандағы экономикалық ой тарихы», «Қазақстанның философиясы» тағы сол сияқты кешенді фундаменталды еңбектер тізбегі жарық көруі керек. Мұндай кешенді жұмыстар қазақтың жаңа замандағы идеологиясын жасақтауға сеп болатын, оның идеялық, тарихи негіздерін, заңдылықтарын айқындайтын нақты қадам болмақ.

Төртіншіден, еліміздің жаңа идеологиясы өмір шындығынан, ұлттың қиын-қыстау тарихынан, саяси мұраты мен экономикалық мүддесінен, жаңа қоғамның әлеуметтік құндылықтарынан туындап табиғи түрде, органикалық түрде өсуі шарт.

Басты мақсат — Қазақ ұлты мен мемлекетінің Тәуелсіздігі. Заң мен тәртіптің баршаға ортақ принципке айналуы. Қазақстан Республикасының бар салада өз-өзін қорғауға, жері мен руханиятын қамтамасыз етуге дайындығы. Еліміздің әр азаматының сөз бен іс жүзіндегі патриотизмі, өзінің және елінің болашағын ойлап, қамқор болуға әзірлігі. Қоғамды қоғам ететін, ұйытып, бірлігін, имандылығын сақтайтын құндылықтардың дәулет құруы. Саясаттың басты міндеті — осы алғы шарттарды жүзеге асыру. Кез келген қайшылықты бейбіт түрде шешуге ортақ дайындықты паш ететін мәдениетті қалыптастыру. Осылар іске асып жатса, өзгеден ерекше «қазақ арманын» іздеудің не қажеті бар?

«Бөтен» мен «жақын» дейтінге келсек, алдағы жылдары қазақ ешкімді жау қылмайтын идеологияны ұстануы керек. Идеология біреуді жау қылу немесе біреуден кек алу үшін жасалмайды. Негативтік мотивация ерте ме, кеш пе баршаны тығырыққа тіреп, болашақтағы соғыстарға жол ашады.

Адал азамат адал қоғамды, адал қоғам әділетті мемлекетті құра алатыны белгілі. Бұған кепіл

бола алатын екі құрал бар; бірі заң мен тәртіп, екіншісі мәдениет пен ақпарат. Осының барлығын ұйымдастырып ұйыстыратын құрал мен құрылғыны идеология десек қателеспеспіз.

Бесіншіден, жаңа идеологиялық ұштаған. Конституционализм. Институционализм. Конвенционализм. Конституция және қоғам.

Осыдан дәл үш жыл бұрын бастау алған президенттік реформалар конституциялық референдум кезінде қоғам тарапынан көпшілік дауысқа ие болып, қолдау тапты. Бұл реформалар саяси айналымға, саяси өмірге мемлекеттің бас құжаты Конституциямызды жаңғыртып, оны тікелей әрекет құжатына айналдыруға мүмкіндік ашты. Конституциялық сот жұмысы қайта жаңғырды. Жаңа мемлекеттік идеология заң мен тәртіп қағидасына бағынуы керек дедік. Өмірге қазақ құқығы, қазақ құқықтық жүйесі деген тіркестер мызғымас заңдылық кепілі ретінде оралуы шарт.

Біз заң өктемдігі қағидатын соттардың сайлануы не тәуелсіздігі дегеннен емес, соттардағы барша процедураларды айқын, анық, бәсекелі етуден, әрбір процедураға илану, сену дәстүрінен бастауымыз қажет. Конституция және құқық негіздері мектеп оқулықтарына енуі шарт. Сонымен қатар конституциялық оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы олимпиадалар, конкурстар саны еселеп артуы керек.

Институттар жұмысы. Жаңа идеология, ең алдымен, мемлекеттік конституциялық институттардың белсенді, шынайы жұмысына негізделуі керек. Бізге әрбір мемлекеттік институттарға жан бітіріп, пәрмен беру керек. Бұл, ең алдымен, аймақтар мен өңірлердегі мәслихаттар жұмысына қатысты болмақ. Бұл туралы Президентіміз өңір мәслихаттары депутаттарының форумында кешенді баяндама жасаған болатын.

Президентіміз мемлекеттік органдар мен шенеуніктерге, ең алдымен, Конституцияға, конституциялық институттарға пәрмен беру керек екені туралы айтып жүр. Мысалы, әлеуметтік желілер қоғамдық институт болып табылады. Олардың ешқандай конституциялық күші жоқ. Қоғамдық не әлеуметтік белсенділік тек желі-

дегі желпіну болып қалмауы шарт. Шынайы азаматтық белсенділік айтып қалу емес, дәстүрлі конституциялық институттар мен механизмдерге арқа сүйей отырып, нәтижеге қол жеткізу, соларға жан бітіру, соларды пәрменді күшке айналдыра білу, көдеге жарату. Мемлекет өз тарапынан көптеген тетіктерді іске қосты. Ал оларға жан бітіріп, қоғамның жоғын жоқтап, барын түгендейтін институтқа айналдыру баршаның ортақ жұмысы.

Конвенционализм. Идеология дегеніміз — қоғамдық қайшылықтардың санын кеміту немесе жоқ қылу деген сөз емес. Керісінше, кез келген қоғам қайшылықтар арқылы дамып

отырады. Осы қайшылықтардың мәдени һәм рухани саладағы, саясат пен экономикадағы текетіресі, басқа мәдениеттер мен өркениеттер мен позитивті не негативті қарым-қатынасы, кейде қаттығысы белгілі бір қуат пен энергия өрісін қалыптастырады. Алайда идеологиялық тартыстар, саяси айтыстар елде мүлдем мәміле, азаматтық не саяси келісім болмауы керек деген сөз емес.

Қазақ тарихына көз жүгіртсек, қазақтың ғасырлар бойы іздеп көксегені, армандап ансағаны бірлік пен ауызбіршілік екен. Оның талай мысалын тарихтан да, әдебиеттен де жақсы білеміз. Ортақ мүддеге бағыну, сөзге тоқтау, мәмілеге келе білу қай заманда да қазақ қоғамының арманы мен идеалы болды.

Осыны ескерер болсақ, бүгінгі қазаққа, әсіресе саяси тап пен зиялы қауымға кейбір «дәстүрлі» дерттен арылу қажет. Мысалы, идеологиялық дуализмнен арылу.

Ұлттық интеллигенция бойында онжылдықтар, тіпті ғасырлар бойы дуализм қалыптасты. Оның шарттары: мемлекетті жау санау, мемлекеттік саясатты қазаққа қарсы саясат санау, тарихи пессимизм, болашаққа қатысты негитивизм мен бүгінге қатысты нигилизм мен цинизм. Бұл дуализмді тіпті Тәуелсіздік кезеңі әлі де толыққанды емдеп біткен жоқ. Алайда жаңа идеологиялық саясат осы бір дертке дауа болуы шарт.

Жаңа кезеңдегі қазақ мемлекетінің идеологиясы, ең алдымен, қазақ руханияты мен тарихынан сусындап, ұлт пен мемлекеттің түбегейлі құндылықтарына негізделетін идеология болмақ. Демек, осы тарихи платформа еліміздің зиялы қауымы мемлекет жанына топтасып, мемлекеттік құндылықтарды шын ниетпен насихаттауға, одан қашқақтамай, шынайы сенуіне мүмкіндік алуға тиіс. Билік айналасына емес, мемлекет айналасына. Себебі билік келеді, кетеді, билік ауыса береді: ал мемлекет, мемлекеттік құндылықтар мызғымай сақталып, жалғасып жатуы тиіс болмақ. Бұл да бір модернизациялық жоба аясында жасалатын қоғамдық келісімнің бірі болмақ.

Осындай және осыған ұқсас жұмыстарды еліміздегі саяси күштер, оның ішінде Парламенттегі саяси партиялар белсенді жүргізе бастауы қажет.

Айдос САРЫМ,  
Мәжіліс депутаты,  
Ұлттық құрылтай мүшесі

## НАРЫҚ

15 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

Бүгінде экономиканың инновациялық дамуына серпін беретін маңызды құралдың бірі – венчурлік инвестициялар. Олар технологиялық стартаптарды қаржыландыру арқылы жаңа идеялардың жүзеге асуына, жоғары қосылған құны бар өнімдер мен қызметтердің пайда болуына ықпал етеді. Мұндай инвестициялар жаңа жұмыс орындарын ашып, жоғары білікті мамандарға сұранысты арттырады, нәтижесінде ғылымға негізделген экономиканы дамытуға үлес қосады.

**А** Кәмила ДҮЙСЕН

Табыс пен тәуекел жүгін тең арқалайтын мұндай инвесторларды нарық тілінде бизнес-періштелер дейді. Бұл саланың өркендеуіне көп жағдайда тұрақсыз заңнамалық база, геосаяси мәселелердің ушығуы және білікті мамандардың жетіспеушілігі тосқауыл болады. Елімізде венчурлік нарық әлі де қалыптасу кезеңінен өтіп жатса, АҚШ пен Оңтүстік-Шығыс Азияда бұл сала өзіндік дәстүрі мен айқын ерекшеліктеріне ие болып үлгерді.

Венчурлік қаржыландыру стартаптардың жаһандық нарыққа шығуына мүмкіндік беріп, елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыратыны белгілі. Дегенмен Big Sky Capital венчурлік қорының серіктесі Жан Қарсыбаевтың айтуынша, венчурлік инвесторлар тек өсім әлеуетін ғана емес, сонымен қатар өкілдік ерекшеліктерді де түсінуі керек: заңнаманы, экономиканы, мәдениетті, тіпті валюта бағамының ауытқуын. «Тек осылай ғана шығындарды азайтып, сәтті экзит жасау ықтималдығын арттыруға болады», – дейді ол.

#### ИННОВАЦИЯЛЫҚ «КӨШБАСШЫ» КІМ?

Ірі технологиялық жобалар мен инновациялық шешімдердің пайда болуы жергілікті бизнесті күшейтіп қана қоймай, шетелдік капиталды тартуға да жол ашады. Венчурлік инвестициялар арқылы дамыған стартаптар экономиканың әртүрлі саласын цифрландыруға, тиімділігін арттыруға және жаңа нарықтарды игеруге көмектеседі.

Соңғы жылдары Қазақстанның венчурлік нарығы Орталық Азиядағы ең қарқынды дамып келе жатқан экожүйелердің біріне айналды. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі ұсынған мәліметтерге сүйенсек, 2023 жылы елдегі венчурлік инвестициялар \$80 млн-нан асып, Қазақстан аймақтағы барлық венчурлік мәмілелердің 72%-ын қамтамасыз етті. Ал 2018-2023 жылдар аралығында стартаптар саны 6 есе, ал келісімдер саны 5,5 есеге ұлғайған.

Министрлік өкілдері еліміздегі венчурлік инвестицияның қазіргі ахуалы жайында AIQYN газетіне берген жауабында бұл процестің негізгі қозғалтқышы Astana Hub болғанын атап өткен. Бүгінде 1,5 мыңнан астам резиденті бар ең ірі IT технопарк FinTech, AI, Health-Tech, EdTech салаларындағы стартаптарға қолдау көрсетіп отыр. Соның арқасында құны 529,1 млн АҚШ долларына тең IT өнімдерін экспорттауға мүмкіндік туды. Бұл елдегі IT экспорттың 60%-ын құрайды.

# СТАРТАПТАР БӘСЕКЕГЕ САЙ БОЛСЫН ДЕСЕК

«Алайда экожүйенің осындай қарқынды дамуына қарамастан, әлі де Series A+ деңгейіндегі инвестицияларға деген тапшылық бар. Қазақстандық инвесторлар негізінен ерте кезеңдегі (pre-seed, seed) жобаларға қаржы құюмен шектелсе, кеш сатыдағы (growth, Series A және одан жоғары) инвестицияларды негізінен халықаралық қорлар қамтамасыз етеді. 2023 жылы барлық мәміленің 90%-ы ерте кезеңдегі инвестициялардан тұрды, бұл стартаптардың масштабы кенеюін тежейтін басты кедергілердің бірі», – делінген министрліктің жауабында.

#### ҚОРЛАРДЫҢ ДА «ҚОРЫ» БАР

Естеріңізде болса, былтыр отандық венчурлік нарықты жаңа деңгейге көтеру үшін \$1 млрд көлеміндегі Qazaqstan Venture

мүмкіндіктерін кеңейтіп, портфельді әртарапандыруға және жаңа актив сыныптарын қосу арқылы инвестициялық әлеуетті арттыруға мүмкіндік бермек.

Венчурлік инвестициялардың Қазақстан экономикасына ұзақ мерзімді әсері туралы айтар болса, ең алдымен, елдегі белсенді инвесторлар саны 2,6 есе өскенін, ал халықаралық ойыншылар Қазақстанға көбірек назар аудара бастағанын атап өтер едік.

Алайда Цифрлық даму министрлігінің мәлімдеуінше, Series A+ деңгейіндегі капитал тапшылығы шешілмейінше, стартаптардың шетелдік нарықтарға бет алуы жалғаса бермек. Өйткені ауқымды мәмілелердің 90%-ын халықаралық инвесторлар қаржыландырады, ал жергілікті қорлардың орташа инвестиция көлемі \$1 млн АҚШ долларынан аспайды. Осы мәселені шешу – елдің инно-

мақ. «Егер осы бағытта жүйелі жұмыс жалғаса, 2030 жылға қарай ел технологиялық дамудың жаңа кезеңіне шығып, аймақтағы негізгі венчурлік орталыққа айналмақ», – дейді ведомство өкілі.

Еліміз қазір Орталық Азиядағы инновациялық жобаларға инвестиция тарту бойынша «негізгі көшбасшы» екенін сарапшылар талай сөз етті. Дегенмен бұл статусты әрі қарай да сақтап қалу үшін Astana Hub қандай нақты стратегияларды жүзеге асырып отыр деген сауал туындайтыны даусыз.

#### СТАРТАПТАРҒА СҮЙЕУ БОЛАДЫ

Astana Hub Ventures Ltd аппаратының жетекшісі Назгүл Байтемірованың сөзіне сүйенсек, қордың жұмысы Қазақстанда ғана емес, халықаралық нарықтарда да ауқымдана алатын перспективті технологиялық жобаларды анықтау және қолдауға негізделген.

– Біздің венчурлік қор арқылы инвестиция алу процесі ашық әрі құрылымдалған. Ол бірнеше негізгі кезеңнен тұрады: өтім беру, бастапқы талдау және аналитиктермен байланыс, бағалау және іріктеу және қорытынды шешім шығару үшін инвестициялық комитет қаралымына өтеді. Егер жоба үздік 5%-дың қатарына енсе, ол инвестициялық комитеттің қарауына ұсынылады. Мұнда қаржыландыру туралы түпкілікті шешім қабылданады. Мақсат – тек қаржы бөлу ғана емес, сонымен қатар стартаптарға жан-жақты қолдау көрсету. Қор портфельдік компанияларға өнімді бастапқы тексеруден бастап, халықаралық нарыққа шығуға дейін барлық даму кезеңдерінде қолдау көрсетеді.

Назгүл Байтемірова қазір қор өзінің қалыптасу кезеңінде тұрғанын айтты. Сонымен қатар жобалар пайплайн мен инвестициялық портфельін қалыптастыруда. Қордың пайплайнды қазірдің өзінде 120-дан астам жоба бар, сондай-ақ алғашқы екі стартапқа инвестиция салынды.

– Бұл стартаптар туралы жақын арада толық ақпарат беріледі. Astana Hub Ventures өз қызметінің бастапқы кезеңінде болғандықтан, инвестиция салуды жаңадан бастады деуге болады. Қазір қор жаңа интеллектуалды технологияларына маманданған зур.ai стартапының инвестициялық раундына қатысып үлгерді. Сондай-ақ екінші инвестициялық келісім сәтті аяқталды, алайда салынған қаражат сомасы әзірге жария етілмейді. Біз нарықты белсенді түрде зерттеп, масштабты кеңейтуге және өңірдің технологиялық экожүйесін дамытуға үлес қоса алатын перспективті стартаптарды іріктеуді жалғастырып жатырмыз, – деді аппарат жетекшісі.

Оның сөзіне сүйенсек, венчурлік инвестициялар Қазақстан экономикасына айтарлықтай ұзақ мерзімді әсер етеді. Өйткені бұл құрал инновациялардың дамуына және жаңа жұмыс орындарының құрылуына ықпал етеді. Олар тек жоғары технологиялық салаларға капитал тартуға емес, кәсіпкерлікті дамытуға да серпін береді. Сонымен қатар стартаптарды ерте кезеңде қолдай отырып, олардың ауқымын кеңейтуге көмектеседі.

– Венчурлік қаржыландырудың арқасында елімізде инновациялық компаниялар алдыңғы қатарлы технологияларды дамыту үшін қажетті ресурстарға қол жеткізетін қарқынды экожүйе қалыптасуда. Бұл Қазақстанның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттырып, экономиканың цифрлық трансформациясын жеделдетуге ықпал етеді, – деп түйіндеді сөзін Н.Байтемірова.

Дегенмен отандық венчурлік капитал нарығының көлемі АҚШ немесе Еуропамен салыстырғанда өте шағын, сондықтан стартаптар көбіне шетелдік инвесторлар іздеуге мәжбүр. Соған қарамастан елдегі финтех, агротех, жасанды интеллект және IT салаларында бірқатар перспективалық стартаптар пайда болып, халықаралық деңгейде мойындалуда. Егер венчурлік қаржыландыру жүйесі заңнамалық және инфрақұрылымдық тұрғыдан одан әрі жетілдірілсе, Қазақстан бұл салада аймақтағы жетекші ойыншылардың біріне айнала алады. Осылайша, венчурлік инвестициялар тек жеке компаниялардың емес, тұтас экономиканың тұрақты өсуіне ықпал етіп, инновациялық экожүйенің қалыптасуына негіз болады.



**Ірі технологиялық жобалар мен инновациялық шешімдердің пайда болуы жергілікті бизнесті күшейтіп қана қоймай, шетелдік капиталды тартуға да жол ашады. Венчурлік инвестициялар арқылы дамыған стартаптар экономиканың әртүрлі саласын цифрландыруға, тиімділігін арттыруға және жаңа нарықтарды игеруге көмектеседі.**

Group (QVG) қоры құрылған болатын. Бұл қор аймақтық стартаптарды жаһандық капиталмен байланыстыруға, инвестициялық тәуекелдерді төмендетуге және венчурлік экожүйені ұзақ мерзімді дамытуға бағытталған.

Ведомство өкілінің айтуынша, QVG қазір өз ішкі процестерін жетілдіріп, тұрақты және ашық инфрақұрылымын қалыптастыруда. Қазірдің өзінде қор кәсіби инвестициялық басқарудың жаңа кезеңіне аяқ басып, менеджер лицензиясын алған. Бұл қор жергілікті венчурлік инвесторлардың

вакциялық дамуындағы шешуші факторға айналып отыр.

Алдағы онжылдықта Қазақстан Орталық Азиядағы жетекші технологиялық және инвестициялық хаққа айналуы мақсат еткені белгілі. Ол үшін басты қадам IT экспортының көлемін \$1 млрд-қа жеткізу, IPO және M&A арқылы стартаптар үшін тиімді шығу стратегияларын қалыптастыру, Series A+ деңгейіндегі қаржыландыруды ұлғайту керек.

Бұл процесті жеделдетудің жанама жолы QVG қоры және басқа да венчурлік бастамалар бол-

## АҒА БУЫН &amp; Z ҰРПАҚ

15 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

**Театр – өмірлік сұрақтарға шешім табатын орын ғана емес, адам жанына дауа. Астаналық көрерменнің көзайымына айналған, сахнадағы «Абай», өмірдегі Нұркен Өтеуіл – саф өнердің саңлақ сарбазы. Бүгінге дейін оның рөліне тамсанбаған адам кемде-кем. Себебі актер қандай образ сомдаса да, шынайылығынан айныған жоқ. Көрермен алдындағы жауапкершілігінен тайған жоқ. «Аға буын & Z ұрпақ» атты жобамыздың бүгінгі кейіпкері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұркен Өтеуіл. Ең қызығы бұл жолғы кездесуге актердің тілеулес жанкүйерлері де қатысты. Ал жастар көкейде жүрген көп сауалдарына жауап алды. Актер де қысылған жоқ. Шәкірттерге ағынан жарылып, сүбелі сұхбат құрды.**



**Аяна Әбідәш: Өнер жолын таңдаған жастарға қандай кеңес бересіз?**

– Менің ойымша, қай мамандықты таңдасаңыз да, ең бірінші оны жақсы көру керек. Сол мамандық үшін күресу қажет. Сонда ғана нәтижеге қол жеткізесіз. Кейде біз барлығына үлгеру үшін бастаған ісіміздің көбін соңына дейін жеткізбейміз. Ол кезде шығатын нәтиже де толыққанды болмайды. Кейде бізге: «Ел үшін қандай қызмет істедің?» деп сұрақ қояды. Әр адам өз мамандығының шеберлік шыңына шығатын болса, соның өзі ел үшін жасалған қызметпен пара-пар. «Болдым», «толдым» деген адам әрі қарай дамымайды. Сондықтан жастар таңдаған мамандығының шыңына шығуға ұмтылуы керек. Сол кезде ортаңызға да сыйлы боласыз. Менің де ұстанатын негізгі қағидам осындай. Орта есеппен күніне әр спектакльге 500–600 адам келеді. Бейсенбіден жексенбіге дейін қойылымдар үздіксіз жүреді. Осыншама көрерменнің алдында өнер көрсетуге үлкен жауапкершілік керек. Актерлік ойын автоматты түрде болып кетпеуі үшін әр қойылым сайын жаңашылдықты көрсетуіміз тиіс. Әйтпесе, көрермен де бізден жалығады. Театрға келген халық рахаттанып, өнерімізге тамсанып кетсе, актер үшін осы үлкен жетістік. Мен актерлік мамандыққа ғылым ретінде қараймын. Әр адам өз мамандығын зерттеп, ғылым ретінде қараса, еңбегі жерде қалмайды.

**Жадыра Құдайбергенқызы: «Мамандықтың ең қиыны – актер» деп ойлаймын. Әр образға кіру, спектакль біткен соң рөлден шығу кез келген адамның қолынан келмейді. Осы мамандыққа сіз қалай келдіңіз? Қазір көбі грант үшін оқиды да, диплом алған соң не шаштараз, не такси жүргізушісі болып жұмыс істейді. Мамандық таңдағанда неге мән беру керек?**

– Мен театрда актер боламын деп мүлдем ойламағанмын. Әу демейтін қазақ жоқ. Әрқайсыңыз да әйтеуір ән айтып, өлең оқисыздар. Біздің халықтың өнерге жаны жақын ғой. Ауылда жүргенде мен де ән айтып, әнші болуды ойладым. Теледидардан Асанәлі Әшімов сияқты абыз ақса-

қалдарымыздың фильмдерін көрдік. Біздің бала күнімізде М.Әуезов театры ауыл-аймақты аралайтын. Сондағы актерлерді көріп өстік. Алаш азаматына айналған, халқымыздың біртуар перзенті Бекжан Тұрысты танитын шығарсыздар? Екеуіміз бір ауылданбыз. Мені өнерге алып келген жанның бірі – Бекжан аға. Бала күнімде радиоға апарып дауысымызды жазғызды. Одан кейін Т.Жүргенов атындағы өнер академиясына алып келді. Сөйтіп, Бекжан аға ұстаз ретінде мені өнер жолына салды. Театрға келгеннен кейін актерліктің машақаты көп мамандық екенін білдім. Көбі әртістер сахнада күліп жүріп, өмірлерін өткізеді деп ойлайды. Мен олай айтпас едім. Актердің жолы – қиын жол. Оны мен өз балаларыма да айтамын. «Бұл жолда менің жүргенім де жетеді. Сендер басқа жолды таңдаңдар. Егер жанкештілікпен өнер ішінде жанып-күйемін десендер нәтижеге жетесіңдер. Ол үшін де күш керек. Ертең қиналып қалсаңдар кім кінәлі болады? Өздерің ойланыңдар. Бұл салаға кел деп те айта алмаймын. Өйткені өзім бұл қиындықты көрдім. Актерлердің алатын жалақысы да өте аз. Кейбірі киноға түсіп, дубляж жасап қосымша табыс табады. Тек театрда еңбек ететіндер бар. Ал олар қалай күн көреді? Актерлікке келу үшін осының бәрін ойлану керек. Мамандық таңдауда фанатизмге берілудің қажеті жоқ» деп айттым балаларыма. Адам өмірде мамандық таңдауда, жар таңдауда қателеспеуі керек. Ол үшін жастайынан көп кітап оқуың керек. Қазіргі балалар кітап оқымайды ғой. Егер көп кітап оқыса, әр бала өзін табады. Өнер жолын таңдап отырған бала кітап оқығаннан кейін одан айнып қалуы мүмкін. Өйткені кітап баланың санасын ашады. Қазір балалардың барлығы блогер, әнші болғысы келеді. Себебі қоғамды шоумендер жаулап алды. Олар өз өмірлерін виртуалды әлемде мінсіз етіп көрсетуі арқылы жасөспірімдердің санасын ұлап жатыр. Көзқарасы әлі қалыптаспаған бала жылтыр дүниеге тез құмартыды. Ал оқыған бала өз жолын адаспай табады.

**Жадыра Құдайбергенқызы: Сіз өнер жолында Бекжан Тұрысқа еліктедіңіз ғой. Сонда қазір балаларға үлгі болатын тұлға жетіспей ме?**

– Биыл Президентіміз 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Шынымен де, қоғамда көрінбей жатқан қаншама еңбек адамы бар. Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдары жұмысшы мамандарды барынша дәріптеуі керек деп ойлаймын. Себебі олардың еткен еңбегі, төккен тері көрінбей жатыр. Мысалы, театрда да сахна сыртында қызмет ететін адамдар бар. Олар сахнаны құрады, безендіреді. Бірақ келген көрермен техникалық мамандардың ұшан-теңіз еңбегін көрмейді. Ауыл-аймақта жүрген қаншама өнертапқыш адамдар бар. Солардың еңбегі еленбей жатыр. Біз осы жылы сол жандардың еңбегін көрсетуіміз керек. Себебі жас ұрпақтың үлгі алатын тұлғасы – осындай жандар.

Театр – мұражай емес, мектеп те емес. Театр – өнер ордасы. Кейбір жандар театрдан тарихты көреміз деп келеді. Тарихты көру үшін музейге бару керек.

Қазіргі театр даму үстінде. Фархат Молдағали, Әлібек Өмірбекұлы, Дина Жұмбаева, Жұлдызбек Жұманбай сияқты театрға өз жүрегі арнап жатқан режиссерлер бар. Осы режиссерлер қазақ сахнасына үлкен қопарылыс алып келіп жатыр.

**ХАЛЫҚ ТА ЖАСАНДЫЛЫҚ ПЕН ЖЫЛТЫРАҒАННАН МЕЗІ БОЛАДЫ**

**Жасур Сапаров: Жасанды интеллект қоғамның барлық саласында қарқынды дамуда.**

**Нұркен ӨТЕУІЛ,**  
актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

## «ӨНЕРПАЗ ҮШІН



## ОЛ –

**Жасур Сапаров: Қазақ театрының қазіргі деңгейін қалай бағалайсыз? Театр өнеріне қандай өзгеріс керек?**

– Әр уақыттың өзінің ғана айтатын дүниесі болады. Заман ауысқан сайын адамның санасы да өзгеріп отырады. Кей кезде қазіргіні бұрынғымен салыстырып өмір сүреміз. Бірақ біз алға жылжуымыз керек. Бүгінгі көрермен нені қалайды? Жастардың көзқарасы қандай? Міне, қазақ театры осы бағытта жұмыс істеуі керек. Мен бұрынғыларды жаман деп айтпаймын. Әр уақытта үлкен өнер жасаған адамдар өз заманында тұлға болды. Оған ешкімнің таласы жоқ. Ал олардың жасаған өнерін кейінгі жастар қайталай алмауы мүмкін. Бірақ әр өнер адамы өз дара жолын салады. Сол сияқты қазіргі театрдың жолы қиын да, қызық. Мысалы, бұрын спектакльдер 3-4 сағат болатын. Ал қазір қойылымның уақыты қысқарып, 1-1,5 сағат қана қойылып жүр. Себебі халық TikTok, Instagram желілеріндегі 1 минуттық бейнелерді көруге дағдыланып қалды. Қазіргі жастар 10 минуттық видеоны соңына дейін көре алмайды. Дегенмен біздің театрда 2 актілі, 3-4 сағатқа дейін қойылатын спектакльдер бар. Көрермен қойылымнан шығып кеткен жоқ. Сонына дейін көріп, бағалады. Өйткені театр – шынайы өнер. Адамның жаны сахнада жүріп, көрерменнің көз алдында өнер көрсеткен кезде халықтың қанша сағат болса да тамашалайтынына көзіміз жетті. Қазір театрлар ұзақ спектакльдерді қайта қойып жатыр. Көрші Ресейде 9 сағатқа дейін қойылатын спектакльдер бар. Қазіргі жас режиссерлердің театрға деген көзқарасы мүлдем басқа. Олар әр жанрда неше түрлі қойылым қоюда.

**Болашақта актерлердің орнын жасанды интеллект алмастыруы мүмкін бе?**

– Жасанды интеллект қауіпті болуы да, пайдалы болуы да мүмкін. Таяқтың екі ұшы бар. Абайдың өзі «Әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса – жарамайды» деп айтып кеткен. Қазір балалар диктант жазу үшін де жасанды интеллектті пайдаланып жүр. Яғни, ЖИ адамның ойлану қабілетін азайтып жатыр. Осы тұрғыдан қауіпті. Уақыт өте келе ЖИ-ді жиі қолданатын адам оған тәуелді болып қалуы мүмкін. Тіпті, қазір адамдармен әңгімелескісі келмейтін, керісінше жаны жоқ техникамен сөйлесетін ұрпақ өсіп келеді. Смартфондардың шығуы, техниканың қарыштап дамуы адам санасына да әсер етуде. Айталық, телефон жоқ кезде жылына бір рет ауылға барғанда көрші-қоланмен, ағайын-туыспен арқа-жарқа болып амандасып, сағынысып қауышатынбыз. Ал смартфон шыққаннан кейін кеше ғана видеоқоныраумен сөйлескен шешеммен ауылға барғанда баяғыдай сағынып қауышпайтын болдық. Ешкім байқамайтын шығар, телефон адамның «сағыныш» сезімін де алып қойды. Әрине, өлшеммен қолданса жасанды интеллекттің пайдасы да бар.

Соңғы 4-5 жыл ішінде театрдың әр спектаклі аншлаппен өтеді. Жалпы, халықтың санасы өскен сайын театрға келушілер де көбеюде. Неміс жазушысы Томас Манн «Театр тобырды халыққа айналдырады» дейді. Интернет ең алғаш пайда болғанда: «Енді театрға қиын болады. Әлеуметтік желі театрды құрдымға сүйрейді» деп те айтқан. Адам жаны бар, тіршілігі бар пенде болғаннан кейін бір нәрседен жалығады. Адам шынайы-





## АҒА БУЫН & Z ҰРПАҚ

15 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБИ

лықты іздейді. Театр тірі өнер болғаннан кейін көрермен театрды бәрібір іздеп тұрады. Кезінде театрда эффектілерге қойылған спектакльдер де болды. Жарқ-жұрқ еткен шамдар мен фантандарды театрға әкелген кезде халық бастапқыда қызықты. Біраз уақыттан кейін бұдан да көрермен жалықты. Орыстың атакты актері Валентин Гафт өмірінің соңында «Декорацияға тірі ағашты әкеліп қоятын кездерді сағынамын. Қазіргі жылтырағанның бәрі уақытша» деп айтқан. Сол сияқты халық та жасандылық пен жылтырағаннан мезі болады. Театрға актер мен адам керек. Ертең жасанды интеллектпен, роботтармен қойылымдар да қойылатын шығар. Бірақ ол жерде жан жоқ. Қазір халық шоудан да жалығып, театр өнеріне бет бұрып жатыр. Халқымыздың білім деңгейін театрмен де өлшеуге болады. Бірде біз «Шие» қойылымын Ресейдегі фестивальге апарып қойдық. Сол кезде фестивальге Челябинск облысындағы

қазақ киносы да осындай кезеңді бастан өткеруде. Қандай кино болса да халық көргені дұрыс. Сонда ғана өздері саралап, керегін алады. Осылайша, олардың бір тақырыпқа таңдауы түседі. Талғамы өзгерген көрермен кинодан театрға келетін уақыт та туады.

**Саяжан Тілеубек: Кино не театр таңдауын жасауыңыз керек болған сәт болды ма?**

— Иә, болды. Егер менің мақсатым — жұртқа танымал болу болса, кез келген киноға түсуге келісетін едім. Өнерімнің деңгейін дұрыс бағалай алмасам, сіздермен де сөйлесіп отырмас едім.

**Асмагүл Құлымбетова: Сахнада түрлі психологиялық рөлдерді алып шығасыз. Абай монологін оқыдыңыз, «Жұбайлар жұмбағы» атты отбасылық қойылымда да образыңызды керемет алып шықтыңыз. Сондағы кейіпкердің күйінен қалай шығасыз?**

— Абайдың ішкі әлемін ашуға күш салған «Жан» моносспектаклі көрерменге жол тартар

Абай. Қазақты ең қатты сынаған адам болса, ол да — Абай. Өйткені біз сыннан қорқамыз, бірақ сын адамды өсіреді. Абай басында қазақты қалай сынады, кейін соншалықты ең жақынына айналды.

Біз актерміз, сахнадағы «шапанымызды» жамылып үйге бармаймыз. Ол сол жерде, сахнада қалады. Менің миссиям сол жерде қалды, болды. Театрдан шыққаннан кейін сол баяғы қоңыр тіршілігіме келемін.

**Саяжан Тілеубек: Алғаш рет сахнаға шыққанда қандай сезімде болып едіңіз, еске түсіріп көрінізші. Кейде актерлікті таңдағаныңызға өкінетін кездер болған шығар?**

— Сахнаға шыққанда шарасыз адамның кейіпін кешесін. Оқып жүрген төрт жылдың ішінде бірінші курста келгеннің бәрі «Халық әртісі», екінші курста «Еңбек сіңірген әртіс» болса, үшінші, төртінші курста жай актер болып шығады дейтін. Театрдың киелі сахнасына шығып, талантты актерлерді көргенде

едіңіз?» деп өзіне сұрақ қойдым. Неге? Бұл адамгершілікке жатпайды. Жалпы, жұртқа белгілі актермін деп атакты пайдаланатын кезім болмаған.

**Жасур Сапаров: Өнерде бәсекелестік болғанын қалайсыз ба? Күншілдік туралы не айтасыз?**

— Әрине, «Сағ сұлу өнер бықсық ойдан тумайды, шыншыл таза жүректен туады. Бәсеке неге озасың деп өзгені күндеуін емес, өзінді қамшылауың болсын» деген Абайдың сөзі бар. Осы сөз бәріне жауап беретін сияқты. Ал күншілдік мәселесіне келсек, өзін жоғары санайтын адамдар басқалар туралы жаманшылық айтпайды. Жамандықты өзін төмен деп санайтындар ғана айтады. Өйткені өзін жоғары бағалайтын адамның басқадан шаруасы жоқ. Сонда

# БІР-АҚ ӨМІР БАР, ІЗДЕНІС»



трамвай айдайтын жұмысынан арнайы еңбек демалысын алып келген көрермендерді де көрдік. Сол фестивальде көршілеріміздің театрға келу мәдениеті, тіпті театрға ауыстыратын екінші аяқкиім алып келгені де бізге таңсық болып көрінді. Ал бізде спектакльге келген көрермендер көбіне смартфондарын өшірмей отырады. Бұл да көрермен мәдениетін, театрға деген құрметті көрсетеді.

### САХНАДАҒЫ «ШАПАНЫМЫЗДЫ» ЖАМЫЛЫП ҮЙГЕ БАРМАЙМЫЗ


**Аяна Әбілдәш: Талғам тұрғысынан ше? Мысалы, сіз айтқан театрға жиналған қауым кинотеатрлардағы арзанқол комедияларды да көріп жүр. Продюсерлер мен режиссерлер миллиардтаған ақша тауып жатыр. Талғам тұрғысынан қарасақ, көп көрермен театрға келмеуі мүмкін ғой.**

— Өнердің де өліра уақыты болады. Біздің қоғамда да сондай сатылар бар: бірнәрседен шошитын, бірнәрседен құтылу керек болатын. Бірақ уақыт өте келе соның бәрі артта қалатынына көзім жетеді. Шынында қазір бизнес үшін түсіріп жатқан кино көп. Бұл да қалады. Өлі үлкен-үлкен өнер туындылары туады. Сол кезде халық өзі саралап алады. Бұл кезеңнен театр да өткен. Бекзат өнер көрерменнің көңіліне қарап жеңіл-желпі спектакльдер де, қоғамда болған түрлі тақырыпты әзіл ретінде де қойып, театрға көрермен тартты. Бірақ нәтиже шықпады. Ал классикалық шығармаларды сахналаған кезде көрермен осы жаққа ағыла бастады. Қазіргі



**Театрға актер мен адам керек. Ертең жасанды интеллектпен, роботтармен қойылымдар да қойылатын шығар. Бірақ ол жерде жан жоқ. Қазір халық шоудан да жалығып, театр өнеріне бет бұрып жатыр.**

алдында М.Әуезовтің туындысы негізінде режиссер Әлімбек Оразбековпен бірге жұмыс істедім. Содан кейін Абайдың қара сөздері, поэзиялары маза бермеді. Қазіргі қоғамда Абайға деген көзқарас қалай болады, ол неге әліге дейін өміршеңдеген сұрақтардан «Жан» моносспектаклі туды. Бұл спектакль тек Абайдың сөздерінен құралды. Спектакльден кейін «Сізден Абайды көре алмадық, сыртқы бейненің ұқсамады» деген көрермен тарапынан сыни сұрақтар қойылды. Оған міне жауап: мен Абайды емес, оның шырылдаған жанын көрсеткім келді, режиссер Фархат Молдағали да осы пікірде болған екен, екеуіміздің ойымыз бір жерден шығып, осындай образбен сахнаға шықтым. Қазақты ең қатты жақсы көрген адам болса, ол —



«жана» актердің бойында түсініксіз сезім, шарасыздық пайда болады. Ең бірінші рөл — Болат Ұзақов қойған «Қанды азудағы» (Көксерек) — кішкентай Бораш. Сол кездегі қорыққаным әлі есімде. «Қайда келдім, театрға келгенім дұрыс па?» деген сұрақ көкейімде тұрып, біраз жыл бойы мазалаған. Қиналған кезде, кейіпкерімді аша алмағанда, кілті табылмаған ізденісімде актерлікті тастап, теріс бұрылып кеткім келген сәттер болған. Кейде жеңіл нәрсені күтеміз, ондай нәрсенің ғұмыры ұзақ болмайды. Әбіш Кекілбаевтың «Өнер үшін, яки өнерпаз үшін бір-ақ өмір бар, ол — ізденіс, үздіксіз іздеу, табу, ашу. Бұдан жалыққан жерде әуелі өнердің күні, сосын өнерпаздың күні таусылады» дегені бар. Актерлік ізденісті талап ететін мамандық қой. Оралхан аға да бір сөзінде «Актер болу — күні-түні ұйықтамайтын оқып-тоқуды таңдап алу» деген. Жалпы, жаһандық даму кезінде әр саланың маманы ізденісте жүруі керек деп ойлаймын.

### АТАҒЫМДЫ ПАЙДАЛАНҒАН КЕЗІМ БОЛМАҒАН

**Аян Нұржанұлы: Сіз махаббатыңызды театрдан таптыңыз. Жар таңдауда нені ескеру керек?**

— Менің өнерде бір жетістікке жетіп, не болмаса осы мамандығымның жақсылығын көріп жатсам — ол менің жан-жарымның қасында болғаны, мені түсінгені. «Жақсы жар таңдаудан қателеспен керек» деген сөз қыздарға да тиісті айтылған. Яғни, жігіт пен қыздың жан-дүниесі бір-біріне үйлессе, ешқашан бір-бірі тастамайды. Данышпан әл-Фараби де «Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы» демей ме? Бірінші тәрбие керек, қыздың бойында инабаттылық болуы керек.

**Аян Нұржанұлы: Танымалдығыңызды өмірде пайдаланып көрдіңіз бе?**

— Бірде осындай жағдай болды. Сонда «Сіз мені танымасаңыз басқаша қарайтын ба

қараныздар, бәріміздің әр жерде биік болып жүруіміз керек. Айтпағым осындай қағидаларды ұстауымыз қажет.

**Аяна Әбілдәш: Актер болам деп шешім қабылдағаныңызда ата-анаңыз қарсы болмады ма?**

— Қарсы болды. Ол кезде мал дәрігерінің оқуын бітіргендердің беделі жоғары болатын. Мектепте үлгілі оқушылардың қатарында болдым. Сөйтіп мектебімізге институттан екі жолдама келді, біреуі — маған. Жолдама келіп тұрған соң, ата-анам сол оқуға барасың деп, Алматыдағы ветеринарлық институтқа тапсыртты. Алайда оқуға түскеннен кейін емтихан тапсырмаларын орындамай жүріп, оқудан шықтым. Содан кейін өз таңдауыммен театрға келдім.

**Аяна Әбілдәш: Сіз қандай әкесіз? Балаларыңыздың таңдауына қалай қарайсыз?**

— Әкем жалғыз ұл болған. Алматыдағы партиялық мектепте оқығысы келгенімен, ата-анасы жібермеген екен. Соны әкем өле-өлгенше «оқып алғанымда ғой...» деп айтып отыратын. Сондықтан мен де балаларымның бетінен қакқан емеспін. Оларға театрдың жолы оңай емес екенін айтқанмын. Бәрінің бойында қабілет бар. Сабақтарын үздік оқыды, сол кезде де басқа мамандықты таңдауын ұсынып көрдім, алайда таңдауына қарсы келмей еріктеріне қалдырдым. Бәрібір қалауы өнер болды, режиссура саласын таңдады.

**Саяжан Тілеубек: Егер адам орта жасқа келгенде мамандығын қате таңдағанын түсініп, актер болғысы келсе оған кеш пе?**

— Ешқашан кеш болмайды. Алпысқа келіп те шет тілін оқып, өздерін дамытып жүргендер бар. Сондықтан да «жасым келді» деп артқа тартудың қажеті жоқ. Адам — қабілетті жаратылыс. Біз көбіне өз мүмкіндіктерімізді шектеп, армандаудан қорқамыз. Мақсатымызға жету жолын ойланбаймыз. «Ағылшын тілін үйренемін» деп ауызша айту қиын көрінгенімен, бастап кетсеңіз, бұл іс әлдеқайда оңай. Сондықтан мақсатты қоя білу, оған жету жолын айқындау үшін табандылық қажет.

— Әңгімеңізге рақмет!

**Көктем ҚАРҚЫН,  
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ**

## МӘСЕЛЕ

15 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

Қорықшылар – тіршілік атаулының құтты қонысы, алтын ұя бесігі атанған Ұлы даламыздың қорғаншысы. Қазақ жерінің көркем табиғатын, кемел жануарлар әлемін қорғап, сақтауда ерен еңбек сіңіріп жүрген бұл мамандық иелерінің өзі қорғауға зәру. Олардың жағдайы биылғы «Жұмысшы мамандықтары жылында» жақсарды деген үміт бар. Сонымен бірге жауапты министрлік қорықшыларды көп көлемде даярлауды жолға қоймақ. Жаңа реформа бұл іске тікелей аңшылардың қоғамдық бірлестіктерін жұмылдыруды көздейді.

**А** Айхан ШӘРІП

### ҚОРЫҚШЫНЫ АҢШЫНЫҢ ӨЗІРЛЕГЕНІ ҚАЛАЙ?

Enbek.kz, HH, OLX, Gorodrabot, Zaplata басқа да жұмыс іздеу сервистері және әлеуметтік желі қорықшыларды іздеген хабарландыруға толы. Тіпті, кейбірі мүгедектігі бар адамдарды алуды қарастыруға даяр. Тек ішімдікке құмарлығы болмаса болды («без вредных привычек»). Саладағы өткір кадр тапшылығы мәселесін шешу үшін Экология және табиғи ресурстар министрлігі тосын кадамға баруға ниетті.

Ведомство «Кейбір заңнамалық актілерге аңшылық саласы және жануарлар дүниесін сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының жобасын әзірледі. Онда Аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерін біріктіретін республикалық қауымдастықтарға қорықшыларды арнайы даярлау құқығын беру ұсынылған.

Бұл жерде қорықшылар – өзіне бекітілген алқаптарында жануарлар дүниесін қорғауды жүзеге асырады. Ал аңшылардың діттегені – қайткенде де сол жануарларды атып алу. Олай болса бұлар негізінен, бір-біріне қарсыла. Қорықшылар аңшылардың үстінен қадағалайды, браконьерге айналып кетпеуін бақылайды, жаза басса, жазасын береді. Ендеше мұндай кадамға мемлекет неге барып отыр?

Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Жануарлар дүниесі және аңшылық шаруашылығы басқармасының басшысы Асқар Абдрахмановтың айтуынша, ұсынылып отырған реттеу тетігі қорықшыларды даярлауды қамтамасыз етуге бағытталған. Қорықшы болу үшін арнайы университет бітірудің қажеті жоқ. Қорықшыларға қойылатын басты бір талап – табиғатты шын, шексіз сүйю. Өйткені сол үшін басын бөйгеге тігуіне, суыққа төзіп, ыстыққа шыдауына тура келеді.

Сондай-ақ қарудан тура ата білгені маңызды. Аңшылардың қауымдастығы бұған үйрете алады. Сондай-ақ қорықшы табиғат қорғауға және аңшылық ісіне қатысты заңнаманы білгені жөн. Бұл оған өз міндеттерін дұрыс орындап, заңгерлік шиеленістерге соқтырар проблемалардан аулақ болуы үшін қажет. Сирек кездесетін және жойылып

# Қорықшыларға

## КІМ қорған болады?

бара жатқан жануарлар мен өсімдіктерді қорғау заңнамасын білуі де күрделі жағдайларға дұрыс шешім қабылдауына көмектеседі.

– Қауымдастықтар арқылы жүзеге асыру ұсынылып отырған қорықшылардың арнайы дайындығы оларға жануарлар әлемін сапалы қорғауға, сондай-ақ аңшылық жерлерді тиімді басқару үшін қажетті дағдылар мен білімдерді үйретуге мүмкіндік береді. Бұл қорықшылардың құзыреттілік деңгейін көтеруге ықпал етеді, – деді басқарма басшысы.

Даярлау барысында қауымдастықтар тек қарудан атуға үйретумен шектелмейді, сонымен бірге биология, экология, заңнамалық база және қорғау әдістері туралы білім беруі қажет.

### САУАТСЫЗ ҚОРҒАУШЫ ТАБИҒАТҚА КЕСІП

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің түсіндіруінше, қазір мамандардың жетіспеушілігіне байланысты қорықшы ретінде жоғарғы білімі жоқ, тіпті бұл салада жұмыс тәжірибесі жоқ адамдарды ала береді.


«Дайындығының жеткіліксіз болуы жануарлардың санын реттеуге қатысты қате шешімдер қабылдауына соқтыруы мүмкін, бұл табиғаттағы тепе-теңдікті бұзады. Қажетті білімсіз қорықшылар өзекті заңдарды, аң аулау және табиғатты қорғау ережелерін білмей, сөйтіп, өзі заңсыз әрекеттерге баруы мүмкін. Мұның сыртында білімі төмен қорықшылар браконьерліктің және басқа да экологияға қауіпті әрекеттердің алдын алуда тиімді қимылдай алмайды», – деді комитеттегілер.

Мұнсыз қорықшы табиғатты қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану туралы халыққа сауатты түсініктеме де бере алмайды. Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті сауатсыз қорықшылардың өзі заң бұзатынына бірнеше мысал келтірді. Ақмола облысының Ерейментау ауданының жергілікті полиция инспекторы Ақсуат ауылының маңында 40 жастағы қорықшыны ұстап алды. Полиция оның браконьерлікпен айналысқанын мәлімдеді.

СҚО-ның Есіл ауданында табиғатты қорғау полициясы браконьерлікке күдікті екі ер адамды құрықтады. «Красный Бор» мемлекеттік мекемесінің аумағында тоқтатылған олардың «Нива» автокөлігінің тіркемесінде маралдың ұшасы жатқан. Екеуі де қорықшы болып шықты және бұл жануарды атуға болмайтынын білмегенін айтып, ақталыпты.

Тергеу олардың екі маралды еш рұқсатсыз атып алғанын, етті жергілікті тұрғынның көмегімен алып кетуге тырысқанын анықтады. Қылмыстық кодекстің 337-бабы, яғни, «Заңсыз аңшылық» бойынша іс қозғалды. Тәжірибелі қорықшы Алексей Перминов аңшылық қауымдастықтардың өз әріптестерін арнайы даярлауына қарсы емес.

– Жасыратыны жоқ, қорықшы боламын деген кандидаттар-



Елшар ҚАБА (қолжазба)

дың ұзын тізімі жоқ. Келіскен жанның бәрін дерлік алады. Елордада мүгедектігі бар адамды да осы жұмысқа қабылдауға келісетіні туралы хабарландыруды байқадым. Негізінен, бүгінде қорықшыға әуесқой балықшыларды, аңшыларды алады. Қауымдастықтар жанынан көрші Ресейдегі сияқты қорықшыларды кәсіби даярлайтын Оқу орталықтарын ашуға болады. Ол үшін Еңбек министрлігі «Қорықшы» жеке кәсіби стандартын әзірлеуге тиіс. Ал колледждер жоғарғы оқу орындары қорықшыны «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» мамандығы бойынша оқытады, – деді А.Перминов.

Ол қорықшыны жұмысынан қол үздіртпей, заманауи технология болатынын жеткізді. Сарапшының пайымдауынша, бұл кәсіп иелері жабайы жануарлар мен құстардың тіршілігіне бақылау жүргізуге, аңшылық фауна-флораны түгендеп, ревизиялауға үйретілуге тиіс. Бұдан бөлек, олар аңшылық қару мен оқ-дәрілерді дұрыс қолдана білуге міндетті. Себебі оларға зиянкес жыртқыштармен күрес, аңдарды аулап, күштеп қоныс аударту, браконьерлермен күрес сияқты қауіпті тапсырмалар жүктеледі. Аңдар

мен өсімдіктерді қорғау іс-шараларын дұрыс жүзеге асырғаны маңызды.

### ҚОРЫҚШЫ – ҚАУІПТІ КӘСІП

Қазір қорықтарда, қауымдастықтарда, ормандарда, аңшылық шаруашылықтарда қорықшылардың тапшылығы мәселесі өткір тұрғаны атап өтілді. Алексей Перминов бір қайшылыққа назар аударды.

– Біздің әріптестеріміздің өміріне, денсаулығына қауіп төндіретін бір парадокс бар. Қорықшылар бірінші болып, қару қолдана алмайды. Бірақ браконьерлердің қаруын тартып алуға міндеттелген. Аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерінің қорықшылық қызметі туралы қағидаларында солай айтылған: «қорықшы аң аулау қағидаларын бұзғаны үшін атыс қаруын алып қоюға және кейіннен ішкі істер органдарына беруге міндетті». Яғни, аң шабуылдаса, атып тастай аламыз, адам шабуылдаса, қаруын тартып алуымыз керек! Мұндай қағиданы жазғанда, шенеуніктер не ойлағаны белгісіз, – деп қамығады ол.

Ақпарат құралдары қорықшылар құрбан болған оқиғаларды дүркін-дүркін хабарлап тұрады. 2012 жылғы 28 мамырда болған

Арканкерген оқиғасы кезінде 14 шекарашыға қоса, аңшылық үйінде қорықшы Руслан Ким өлтірілді. Сол 2012 жылғы 13-14 тамызда Іле-Алатау ұлттық паркінде қылмыскерлер орманшылар үйіндегі 12 адамды қырып кетті.

Сонда Мәжіліс депутаттары бұл трагедияларда адамдардың көп қаза табуына қорықшыларды жаппай қарусыздандыру да себеп болуы мүмкін екенін мәлімдеді. Сол кездегі Үкіметтің 2011 жылғы 1 шілдедегі №751 қаулысымен қорықшылардың ойық қару (нарезное оружие) мен тапанша алып жүруіне тыйым салынды.

«Қорықшылар браконьерлермен, шекарада контрабандашылармен, есірткі тасымалдаушылармен бетпе-бет ұшырасқанда олардың жолын кеспек түгіл, өзін де қорғауға қауқарсыз. Ал дамыған елдерде, АҚШ-та қорықшылар қарудың түр-түрімен мұздай қаруланған, олардың тіпті пулеметпен жабдықталған әскери ұшақтары да бар», – деді қорықшы.

Оның айтуынша, бертіңде қорықшыларға тапаншаларын қайтарды. Бірақ қылмыскерлерге қарсы қару қолдануға рұқсат етілмейтін көрінеді. Ауаға атып қорқытуға немесе браконьерлердің көлігінің доңғалағынан атуға болады. Қаскөйлерді тұтқындай алмайды, полиция шақырып, қылмыскерлермен бірге соны күтуге тиіс. Содан қаскөйлер айдалада қауқарсыз қорықшыларды аяусыз сокқыға жығып, қашып кетеді.

Ақпарат құралдары жазғандай, 2019 жылдың басында «Охотзоопром» инспекторы, танымал қорықшы Ерлан Нұрғалиевтің Қорғалжын қорығында киіктерді қорғаймын деп браконьерлердің қолынан қаза табуы халықтың қабырғасына батты. Осы қастандыққа қатысы болған 3 адам өмір бойы бас бостандығынан айрылды. Қорықшыларға шабуыл жалғасты. Былтырғы 2024 жылы Ұлытау облысында әлдекімдер табиғатты қорғауға ұмтылған қорықшылармен төбелесіп, сабап кеткен.

Жалпы, жауапты ведомство Әзірлеген жаңа заң жобасын пысықтағанда, салада қордаланған сан-сапалы мәселелердің шешімін Парламент жеке қараса игі. Сөз болып отырған заң жобасы 2025-2026 жылғы кезеңде қабылданады деп жоспарланған. Содан кейін аңшылардың қоғамдық бірлестіктерінің қауымдастықтары қорықшыларды ақылы негізде (бюджет есебінен) және уәкілетті орган бекіткен талаптарға сай арнайы дайындықтан өткізуге кіріспек.

Қазақстан мемлекет ретінде сақталуы үшін оның аумағы адам тұруға жарамды болуға тиіс. Бұл үшін қоршаған орта мен оның жануарлар дүниесін қаз-қалпында сақтап, қорғау қажетті жағдайындай қорғайтын қорықшылар қатары отаншыл, табиғатсүйгіш, өзінің мейлінше мамандармен толық қамтамасыз етілуіне тиіс. Қазақ елі күн сенгенше тұратын мемлекет болуы үшін оның бұлтпен таласқан көгілдір тауларын, қарағайлы ну орманын, қасиетті топырағын және жануарлары мен өсімдіктерін қорғау – мемлекеттік маңызды миссия! Оны іске асыру үшін елдегі 3 084 қорықшының және олардың қатарына жаңадан қосылар әріптестерінің жағдайын жақсартқан, жалақысын көтерген, біліктілігін арттырған, қажет болса, жеткілікті қаруланған жөн.

Соңғы уақытта еліміздің көп аймағында жарық дүние есігін ашар-ашпастан сәбилер де, онымен қоса аналары да ажал құшып жатқан деректер азаяр емес. Күні кеше өткір мәселе Атырауда өткен Парламент Мәжілісінің көшпелі отырысында тағы бір мәрте көтеріліп, талқыға түскен.

**А** Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,  
Ақмола облысы

**6 ЖЫЛДА  
19 МЫҢ СӘБИ ШЕТІНЕГЕН**

Мәжіліс депутаты Нартай Сәрсенғалиевтың келтірген ресми деректеріне жүгінсек, елде соңғы алты жыл ішінде ғана 19 128 баладан айырылыптыз. Әсіресе, Абай, Ақтөбе, Алматы, Жетісу және Ұлытау облыстарында ана құрсағына біткен бейкүнә шараналар мыңдап шетінеп кеткен. Елдің демографиялық ахуалына ауыр соққы болатын түйткілді мәселеге келгенде, Денсаулық сақтау министрлігінен бастап жалпы елдің тұтас денсаулық сақтау жүйесі қауқар қыла алмай отыр.

Депутаттың дерегіне, елде 2019 жылы 3 360 сәби шетінесе, 2020 жылы 3 286, 2021 жылы 3 732 сәби кара жердің қойнына тапсырылған. Сондай-ақ 2022 жылы 3 154, 2023 жылы 2 998 сәби тумай жатып жарық дүниемен қоштасқан. Былтыр тағы 2 598 бала құндақталған күйі мәйітханадан шығарылған.

— Ресми органдар сәби өлімінің азайғанын алға тартады. Бірақ кейінгі бір жылдың өзінде екі жарым мың бөпеден айырылып қалу көңіл көншітетін көрсеткіш емес. Кейде көпшілік перзентханалар мен дәрігерлерді айыптап жатады. «Перзентханаға тірі барған аяғы ауыр әйелді табытпен қайтарғандар жауап берсін» деп талап етеді. Кейде жұрт «Перзентханада дәрігерге сыйақы бермесең, толғақ қысып, жаның көзіңе көрінгенде де көз қырын салмайды» деп шағымданады. Барлық ақ халатты жандарды айыптау да ағаттық, дегенмен саладағы солқылдақтықты жою қажет. Себебі ісіне салғырт



## АНА мен БАЛА ӨМІРІНЕ АРАША КЕРЕК

караған кей адамның кесірінен өмірін медицинаға арнаған мыңдаған білікті маманның атына кір келеді, — дейді депутат Нартай Сәрсенғалиев.

**АҚМОЛАДА  
АХУАЛ МӘЗ ЕМЕС**

Өкінішке қарай, жүкті әйелдердің перзентханаға өз аяғымен келіп, табытпен шығу оқиғалары Ақмола облысында да азаяр емес. Тек соңғы бірер айдың ішінде ғана аймақта екі бірдей жүкті әйел аурухана керуегінде көз жұмды.

Алғашқы қайғылы оқиға Есіл қаласында болды. Үш баласы бар, төртіншісіне аяғы ауыр әйел 27 қаңтар күні аудандық ауруханаға түскен. Жүктілігіне небәрі сегіз апта болған әйелдің құрсағынан қан кеткен. Әйелге алдына ала құрсақтағы шарана қатып қалған деген болжаммен ота жасалған. Шиегтей балалары бар 30 жастағы әйел отадан кейін ауруханада ұзақ жатудан бас тартып, үйіне кеткен. Дәрігерлер бұл күндері әйелмен тұрақты байланыста болып, шағым

түспегенін алға тартады. Олардың айтуынша, 29 қаңтарда әйел есік алдының қарын тазалаған-мыс. Деруе жедел жәрдеммен Есіл аудандық ауруханасына қайта түскен. Іштен қан кеткен әйелді аман алып қалуға дәрігерлер барынша әрекет еткенімен, шаранасынан айырылған әйелдің өзі де ота үстелінде көз жұмды.

Бұл оқиғадан кейін де арада ай өтпей Көкшетау қаласының туберкулез диспансеріне түскен 24 жастағы тағы бір әйел қаза тапты. Жүктілігіне бес ай болған жас әйел туберкулезбен ауырған. Бірақ ұзақ уақыт дәрігерлерге қаралмаған болып шықты. Алғашқыда емдеуден үзілді-кесілді бас тартқан келіншек түсіндірме жұмыстарынан кейін 17 қаңтарда ауруханаға жатқызылған. 20 ақпанда туыстарының талабымен қолхатпен үйіне жіберілген. Алайда 21 ақпанда жағдайы күрт нашарлап, қатты демігіп аяғын ауырсына берген. 22 ақпанда жұбайы ауруханаға қайта жеткізіп, дәрігерлер шұғыл ауруханаға жатқызған. Бұл әйел де жүрек-қан-

тамыры жеткіліксіздігінен дәрігерлер қанша жанталасқанымен, өмірін арашалай алмады.

**ВИЦЕ-МИНИСТР ӨНІРДІ  
ӨТКІР СЫҢҒА АЛДЫ**

Бірінен соң бірі болған екі бірдей өлімнен кейін өңірге арнайы ат басын бұрған Денсаулық сақтау вице-министрі Ержан Нұрлыбаев та өңірдегі денсаулық сақтау саласының былыққа батып жатқанын айтып, жергілікті ақ халаттыларды сын садағына алды. Облыстың басқарма басшыларынан бастап бас дәрігерлерге дейін шүйліккен министр орынбасары түйткілді жағдай туралы есеп беру жөнінде қадау-қадау тапсырмаларды жүктеп кетті.

Вице-министрдің ашуына түрткі болған мәселе де өңірдегі ана мен бала өлімі көрсеткішінің күрт өсуі болған. Оның ішінде Есіл қаласы мен Көкшетау туберкулез диспансеріндегі екі бірдей өлім министрліктің тікелей осы мәселеге мән беруіне себепші болыпты. Вице-министр Ержан Нұрлыбаевтың айтуынша, қос шаңырақты ортасына түсірген бұл қайғылы жағдайлардың алдын алуға да мүмкін болмайды. Дегенмен екі жүкті әйел өлімінің нақты себебі мен алдын алуға болар-болмасын сараптама қорытындысы анықтамақ.

Қысқа мерзімдегі министр орынбасарының өңірдегі сапары

облыс орталығында аурухананы аралаумен басталып, одан кейін жиналыс өткізумен жалғасты. Жиын барысында республикалық мониторинг жұмысының қорытындылары да жария етілді. Оның нәтижесі облыс үшін көңіл қуантарлық жаңалық емес. Отырыс барысында Ержан Нұрлыбаев жергілікті босандыру ұйымдарының басшылығына бірқатар сын-ескертпе айтып, болашақ аналардың денсаулығын сақтау үшін алдын алу шараларын қабылдау, сондай-ақ жүктілік кезінде медициналық көмектің сапасын арттыру, босанғанға дейінгі бақылауды күшейту, бұл үшін барлық кадрлық және техникалық ресурстарды шоғырландыру қажет екенін атап өтті. Сарапшылармен бірлесіп инфекциялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жағдай, сондай-ақ республикалық орталықтың ана өлімін төмендетудегі рөлі талқыланды.

Өз кезегінде сөз тізгінін алған облыстық Денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Елена Иванова облыста босандыру қызметін ұйымдастыру туралы баяндады. Ол босандыру мәселелеріне кешенді көзқарас үшін Ақмола облысында 2025-2026 жылдарға арналған ана мен бала өлімі жағдайларын азайту жоспарының жобасы дайындалғанын атап өтті. Құжат бейінді мамандарды тартуды, жана жабдықтарды сатып алуды, дәрігерлердің біліктілігін үздіксіз арттыруды, акушерлікте ағза сақтайтын операциялар бойынша шеберлік сағаттарын өткізуді көздейді.

Қалай дегенмен де өңірге республикалық және облыстық бюджет қоржынынан миллиардтаған қаражат бөлінгенімен, аймақтағы медицинаның ахуалы алаңдатарлық. Әсіресе, ауылдағы медицинаның жай-күйі тіпті құлдырап кеткен. Вице-министр келесі есеп беруді анықтау үшін бір апта уақыт беріп, сондай-ақ жазғы уақытта бірлесіп облыстық алқа мәжілісін өткізетінін де атап өтті. Бұл уақыт ішінде аурулардың өсуінен бастап нысандарды күрделі жөндеуден өткізу сияқты басқа да өзекті мәселелерді жете анықтап, ауруханалардың бас дәрігерлері бойынша мәселелер шешілмек.

## ҚАРАҒАНДЫ КӘМПИТПЕН ҚАУЫША МА?

Қарағандының аты кәмпитімен де шыққан жылдар болды. «Қарағанды кәмпиттері» фабрикасы әлемге белгілі болатын. Тәтті де сырты әдемі оралғандықтан, өнімдері еліміздің ғана емес, дүниежүзінің 70 елінің дастарқанына сән берген болатын. Бұл алпауыт компания осыдан 10 жыл бұрын жабылып тынды.

**А** Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,  
Қарағанды облысы

Жақында кондитерлік фабриканың қайта іске қосылатыны жайлы Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев өңірдің журналистерімен кездесуде мәлім етті. Аймақ басшысының айтуынша, фабрика жанадан салынады.

— Біз бүгін акционерлермен сөйлестік. Қазір Пришатиинск ауданында 20 гектардан астам жерді белгілеуді көздеп отырмыз. Бір айдың ішінде бұл мәселелерді шеше-

міз. Бұл қаланың ірі жобаларының бірі болмақ. Акционердің жеке қаражаты мен несиелік қаражат салынады, — деді облыс әкімі.

Жоба құны шамамен 200 млн АҚШ долларын құрайды. Фабрика ғимараты қайта салынады. Сондай-ақ өндірісті заманауи технологиялармен жабдықтау жоспарланып отыр. Жобаға Аустрия және Швейцария компаниялары қатысады деп күтілуде.

Әкімнің айтуынша, акционерлер экспортқа баса назар аудармақшы. Негізінен, өнім Біріккен Араб

Әмірліктеріне жөнелтіледі деп жоспарланған.

— Акционерлер ішкі нарыққа шығып қана қоймай, экспортқа да баса назар аударуға ниетті. Бұл ретте экспорт Араб елдеріне бағытталады деп жоспарланып отыр. Себебі сұраныс бар. Сондықтан мұның барлығы егжей-тегжейлі пысықталатын болады, — деп қосты Ермағанбет Бөлекпаев.

Сонымен, бұрынғы фабриканы қайта жаңғыртпайтыны белгілі болды. Тек сол Қарағанды қаласының бренді болған «Қарағанды кәмпиттері» деген атаумен ғана шығуы мүмкін.

Айта кетейік, бұдан он жылдай бұрын жабылып қалған облыс орталығындағы Гоголь көшесі бойында орналасқан «Қарағанды кәмпиттері» фабрикасы жұмыс істеп тұрған кезінде 125 миллиард дана кәмпит шығарған. Ал жұмыс істеген қызметкерлер саны — 50 мың мұғдарында. Демек, бірдей бір қала тұрғындарының санымен иық тіресеңді. Зауытта орнатылған өнді-

рістік желілердің жалпы ұзындығы 800 метрден асады, бұл — 6 футбол алаңының ұзындығы. Сөйтіп, асықпай аяндап, жұмысын істеп, қолжетімді бағамен сапалы өнім ұсынған фабрика Кеңес Одағының осы салада жұмыс істейтін кәсіпорындары арасында алғашқы болып Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды.

Осындай жетістікке жеткен, өнімдері әлемге тарап тұрған фабрика жартығасырлық тарихында 1 миллион тоннаға жуық кәмпит шығарған екен. Бұған дейін қайта ашылады деп бірнеше рет айтылды. 3-4 жыл бұрын фабрика «модернизацияланып, 2024 жылы жұмысы жанданып, жылына 36,5 мың тонна тәтті шығара бастайды» деп халықты бір сендірді.

Өткенге оралсақ, жекешелендіру жүргенде кәмпит фабрикасының 90% акционерлік капиталы 2013 жылы сатылып кетті. Сол кездегі меншік иесі — Норманд аралдарында (Ұлыбритания) тіркелген Uig Limited оффшорлық компаниясы шешімін қарызымен байланыстырды әрі жығылғанға жұдырық болып, әлемдік экономикалық дағдарыс та сол кезге деп

келді. Сөйтіп, шетелдіктер қарық қылмаған фабрика отандық инвесторлардың қолына өтті. Дені қарағандылықтар — Руслан Шаекін мен Оразхан Қарсыбеков білек сыбана кірісіп, баяғы «Маймақ аю» мен «Қызыл телпектің» байырғы сапасы мен рещебін қалпына келтіреміз дегенімен, тағы істің қиыны қашты. 2019 жылы фабриканың жағдайының қиындығы туралы тағы айтыла бастады. Ал ғимараты жалға берілді. Фабриканың сол кездегі баспасөз қызметінің өкілі Қайрат Нұғманов: «Кәсіпорынның тоқтап тұрған кезінде жалға алушылардың пайда болуы — стандартты шешім. Фабрика табыс тауып отырған жоқ, ал ай сайынғы коммуналдық төлем, күзет қызметі тәрізді қызметтерге ақы төлеу керек. Сондықтан шығынның шағын бөлігін жабу үшін бос тұрған үй-жайды жалға беруге шешім қабылданды» деген болатын.

Әрине, «дайын тұрған фабриканы қайта жаңғыртуға қаражат құртқанша жанадан салайық» деген шығар. Дегенмен «Айта айта Алтайды Жамал апай қартайды» дегеннің кері болмаса дейміз.

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖАСАУ КҮНІ

15 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

Наурыз мерекесін тойлаудың он күндік тұжырымдамасына сәйкес 15 наурыз – Қайырымдылық жасау күні болып белгіленген. Бұл күні қазақ халқының ұлттық дәстүр, әдет-ғұрып, салт-санасында қалыптасқан қайырымдылық, жомарттық сынды құндылығының маңыздылығы тереңдей түспек.

Қазақта «Ақсұңқар жемін шашып жейді, қарға басып жейді» дейтін тәмсіл бар. Бұл – қазақтың ұлттық танымындағы жомарттық, ізгілік, қайырымдылық секілді қағидаларына мағына беретін, бейнелеп түсіндіре алатын, суреттеп жеткізе алатын мазмұны терең ұғым.

### А Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Жалпы, халқымыз қайырымдылықты қанға сіңген қасиет санайды. Заманалар тезінде шындалып, бабадан балаға мұра болып бүгінге жеткен асар жасау, сауын айту, жылу жинау, қонақжай, сыйсияпат, сыпыра жақсылық секілді салт-дәстүр, әдет-ғұрып қағидалары өзгеге көмектесу ниетінен туып, заңдылыққа айналған әдет екені анық. Қазірге дейін қазақ отбасында «уызынан жарыған ұрпақ» өсірудің, оның тұла бойына обал, сауап, ұят ұғымын ұялатып, балғын сананы бауырмалдыққа баулудың маңызы зор және бала тәрбиесі көбіне мейірім, әдеп, ізгілік бағытында өрбитіні де қайырымды ұрпақ өсіру арманынан туған мұлткісіз міндет екені даусыз. Ал «Қанағат қарын тойғызады» дейтін қазақ үшін байлыққа жету мұрат та, міндет те, парыз да емес. Қазақтың ансары – мейірімге «малынған» мәңгі бақытты ел болу. Жомарттық, мәрттік ұғымының халқымыз үшін қастерлі, киелі саналатыны да сондықтан.

«Қазақ мәдениетінде қайырымдылық, ізгілік және жомарттық – атам заманнан қоғамның тұрақтылығын сақтауға, адамдар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған негізгі құндылықтар. Бұл қасиеттер қазақтың ұлттық болмысының ажырамас бөлігі. Тарихымызға тереңірек үнілсек, қазақта кедей деген адамның өзінде отбасын асырауға малы болған. Жағдайы бар туыстар қарайласып, мұқтаж адамдарға көмек көрсеткен. Қайырымдылық салт-дәстүрлерімізде де бар», – дейді Президент жанындағы әйелдер істері, отбасы-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия мүшесі Гүлнар Омарова.

Адамзат жаратылысының алғаусыз арманы да қайырымды, идеал қоғам құру десек қателеспейміз. Егер әлем халықтарының барлығының дерлік фольклорына, ертегілері мен аңыздарына үңілетін болсақ, әр халықтың арман ансары – мәңгілік бақытқа кенелген ел, мемлекет құру болғанын ұғамыз. Мәселен, антикалық дәуірдің өзінде, әсіресе классикалық кезеңдегі грек философтары Сократ, Платон, Аристотельдер мінсіз ізгілікті қоғам құру жолдары туралы трактаттар жазды, әділдік, әдептілік жайында шығармалар тудырды. Қазақтың түркілік тан-



# ҚАЙЫРЫМДЫ ЖҮРЕК ҚАРТАЙМАЙДЫ

ым аясындағы әдебиетінде мәңгілік өлмейтін қалып күйді іздеп сар далада қобызын күніренткен Қорқыт, желмаясына мініп Жерұйықты іздеген Асанқайғы, «Әлемнің екінші ұстазы» атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» сияқты талай ізденістер мен еңбектер адамзат қоғамының бақытты тұрмыс кешуі жолындағы ансарынан туған арман емес пе.

Ата-бабаларымыздың «Қайраны жоқ көлден без, қайырымы жоқ елден без» дегені тегін емес. Қайырым мен мейірім болмаған жерде қоғам қатыгезденеді. Адамзат баласы үшін бәрінен де «Жақсылық жасап, жарысқан қоғам» қайырлырақ. Британдық Charities Aid Foundation қайырымдылық қоры құрастырған World Giving Index-2024 зерттеулеріне сәйкес, былтыр әлемде 4,3 млрд адам жақсылық жасап жарысқан, мұқтаждарға қарайласып, көмек берген. Бұл (World Giving Index-2024 рейтингі) рейтинг бойынша Қа-



**Бүгінде елімізде ресми 755 волонтерлік ұйым, 2 мың бастамашыл топ, 275 мың белсенді волонтер, оның ішінде 3,5 мың «Күміс» волонтер жұмыс істейді.**

зақстан халқының жомарттығы 142 мемлекеттің ішінде 113-орынға бағаланыпты. Яғни, қайырымдылық бойынша жаһандық рейтингте еліміздің көрсеткіші біршама төменге сырғыған. ТМД елдерімен салыстырғанда, әлдеқайда төмен көрсеткішке ие екенбіз. World Giving Index-2024 рейтингі тізімінде Ресей – 45-орында, Өзбекстан – 44-орында, Қырғыз Республикасы – 42-орында. 2023 жылы еліміз бұл тізімде 107-орында болғанды.

Дегенмен соңғы жылдары елімізде қайырымдылық қорларының саны артып, онымен айналысатын еріктілер көбейген. 2016 жылы Волонтерлер қызметі туралы арнайы заң қабылданды. Бұл заң елімізде алғаш рет волонтерліктің тұрақты, жүйелі дамуының іргетасын қалады деуге болады. Мәселен, 2018 жылы Qazvolunteer.kz платформасы құрылса, 2020 жыл «Еріктілер жылы» деп жарияланды.



тан астаналық еріктілер жақсылық жасаудан жалыққан емес. Қалалық волонтерлер штабы тұрақты негізде 30 волонтерлік ұйыммен және 20 бастамашыл топпен, 4 ҰЕҰ-мен мемлекеттік жастар саясатын іске асыру саласында, кәсіпорындар және қала меценаттарымен ынтымақтаса бірлескен қызмет атқарады.

«Жыл сайын «Астана жастары» ЖРО қала бойынша волонтерлік бағыттарды кеңейтеді, мысалы, биыл «Қауіпсіз қала» жобасы шеңберінде тұрақты негізде волонтерлер халықты газдандыру туралы, жылыту маусымы мен көктемгі су тасқыны кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы, шомылу маусымындағы сақтық ережелері туралы ақпараттандыру жұмыстарына тартылады. Ал қоғамдық мүлікке зиян тигізбеу, тыйым салынған заттарды саппау бойынша StopVandal акциясы ұйымдас-тырылса, жастарға арналған мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпарат беретін «Үздік» жобамыз бар. Осы сияқты басқа да жобалардың арқасында волонтерлік ұйымдар ғана емес әлеуметтік бағыттағы барлық мекемелер қалалық волонтерлер штабымен ынтымақтаса жұмыс істейді. Волонтерлер «Қамқорлық мекенжайы» акция аясында жалғыз тұратын аталар мен әжелерге барып, үй жұмыстарына көмектеседі, жеке аумақтардағы

Бүгінде елімізде ресми 755 волонтерлік ұйым, 2 мың бастамашыл топ, 275 мың белсенді волонтер, оның ішінде 3,5 мың «Күміс» волонтер жұмыс істейді. Астана қаласы әкімдігінің «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы» КММ, еріктілер қозғалысын дамыту бөлімінің маманы Айзат Әбиболақызының айтуынша, еліміздің еріктілері БҰҰ құрылымдарында да игі істің жаршысы болып жүр.

қан үздік қазақстандық және шетелдік еріктілерді ынталандыру үшін «Жыл волонтері» халықаралық сыйлығы тағайындалды. 2020–2024-жылдар аралығында Қазақстан, Ресей, Өзбекстан және Қырғызстаннан 234 волонтер сыйлық алды, – дейді ол.

Мемлекет тарапынан азаматтардың волонтерлік қозғалысқа белсенді қатысуы үшін барлық жағдай жасалып, волонтерліктің дамуына ықпал етуде. Үкімет Қазақстан Республикасының 2024–2026 жылдарға арналған волонтерлікті дамыту мен қолдаудың жаңа Жол картасын бекітті. Алайда волонтерлер қызметі үшін жалақы қарастырылмаған. Соған қарама-

қарды тазартады, азық-түлік себеттерін таратады. Сондай-ақ қала тұрғындары мен қонақтарына қыстың суық күндерінде бауырсақ пен ыстық шай таратуды әдетке айналдырдық», – дейді астаналық Еріктілер қозғалысын дамыту бөлімінің маманы Айзат Әли.

Оның айтуынша, қазақ мәдениетінде жомарттық пен қайырымдылық – бағзыдан бері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан құндылық. Волонтерлік қызмет осы дәстүрлердің қазіргі заманға сай жалғасы деп айтуға болады.

– Қазақ халқы әрдайым «Жақсылық қылсаң – қайтарымын күтпе», «Қайырымды жүрек қартаймайды» деген ұстаныммен өмір сүрген. Бүгінгі волонтерлік қозғалыстар да осы қағидаларды ұстанады – олар шынайы жана-шырлық пен ортақ игілік үшін қызмет етеді. Қорыта айтқанда, волонтерлік біздің ұлттық болмысымызға жақын ұғым. Оны жаңа буынға жеткізіп, дамыту – қоғамның жауапкершілігі, – дейді маман.

Ал Президент жанындағы әйелдер істері, отбасы-демогра-

фиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия мүшесі, Гүлнар Омарованың айтуынша, еріктілер қызметі – қазақ халқының дәстүрлі құндылықтарымен толық үндесетін игі іс, түпкі мәні өзгерген жоқ. Қазақтың қанында бауырмалдық қасиет бар.

– Сондықтан халқымыздың болмысы табиғатынан ізгілік жолында жомарт, мәрт болуға бейім. Бұл – қалыптасқан заңдылық. Бірақ кейде әлеуметтік желілерде қаптап кеткен қайырымдылық қорлары мен ауруына шипа тілеп, сауға сұраған адамдардың көптігіне қарап жүрегім ауырады. Тіпті, кейде мұқтаж жандарды пайдаланып, өзінің құлқын құлы болып кеткендер туралы да естіп жатамыз. Мұндай арам ниеттен, таяз түсініктен халық зардап шегеді. Халықтың жақсылыққа деген сеніміне селкеу түседі. Адамдардың әлсіз тұсын пайдалану, көпшілікті алдау адамдар арасында өшпенділік, қатыгездік секілді жаман әдеттерге жол ашады. Менің бір тілегім – қазақтың кеңпейіл, ақ ниеті ұрпағымызға дарыса екен. Ұрпағымыз «Кең болсаң, кем болмайсың» деген қағидадан ұстанып, бауырмалдық қасиетімізді жоғалтып алмаса деп тілеймін, – дейді Г.Омарова.

«Биеден ала да туады, құла да туады» дегендей, адамның бәрі бірдей емес. Абыз Бұқар жыраудың «Ақсұңқар құстың баласы, Ұяда алтау болмас па, Ұяда алтау болғанмен, Біреуі алғыр болмас па? Бірге туған ұялас, Бізге сауға демес пе, Өзі аштан өлсе де, Айырып жемін бермес пе?» дейтін аталы сөзі бар. Яғни, Бұқарша айтсақ, «өзі аштан өлсе де, айырып жемін беру» алғырлыққа тән болса, қазақтың ұлттық танымындағы қайырымдылық бақытқа кенелген мәңгілік мінсіз ізгілікті қоғам құру жолында «жетімді жылатпай, жесірді қаңғытпай», жоқ-жітікке пана, «ала жіпті аттамай» уәдеге берік, сертке адалдықпен өлшенсе керек.

## ОЙТҮРТКІ

15 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

Сыр өңірінде заңғар тұлға Зейнолла Шүкіров пен ақиық ақын Асқар Тоқмағанбетовке мұражай ашу ісі көп жыл бойына арагідік болса да көтеріліп келеді. Өңір халқы сөз асылын теріп, елі үшін еміреніп өткен біртуар тұлғалардың ғұмыр тарихы мен өскелең ұрпаққа қалдырған асыл қазынасын осы арқылы қайта жаңғыртуға жол ашылар еді деген пікірде.



# ЕКІ АҚЫНҒА БІР МҰРАЖАЙ ҚАЖЕТ-АҚ



**А** Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,  
Қызылорда облысы

Бағзыдан Қызылорда – тарихи тұлғалардың, жыр алыптарының тұсауы кесілген құтты мекені саналады. Әдебиет майталмандарының ізі қалған өңірден ғимараттар мен көпқабатты үйлердің алдына орнатылған «Бұл үйде белгілі ақын немесе жазушы тұрған» деген тақтайшаларды көптеп кезіктіруге болады. Осының өзі Ұлт зиялыларының сара жолы қалыптасқан Алаштың алғашқы астанасының тарихи-мәдени мәні зор екенін аңғартса керек.

Дейтұрғанмен, Сыр топырағын басып, көптеген шығарманың өмірге келуіне ұйытқы болған талайлы тағдыр иелерінің өңірде әлі күнге дейін өз деңгейінде ұлықталмай тұрғаны дүйім жұртты толғандырып жүр. Соның ішінде жоғарыда айтып өткеніміздей, Аралдың арда перзенті, ақиық ақын Зейнолла Шүкіров пен ақын, жазушы, сатирик Асқар Тоқмағанбетовтің тасада қалып тұрғаны көпті қынжылтады.

Негізінен, Зейнолла ақынның қилы тағдыры тебіреніске толы болғаны дүйім жұртқа мәлім. Бұл жалғанда ол жарты ғасырдан астам ғұмырын төсекте өткізсе де, тағдырдың ауыр сынағына мойымады. Қандай қиындыққа тап болса да, қолынан қаламы бір сәтке түспеді. Бастауыш сыныптық білімі болғанымен том-том кітаптар жазып, халқының рухани қазынасын молайтуға зор үлесін қосып кетті.

Бүгінде облыс орталығында ақынның атына берілген көше бар. Көзкөргендердің айтуынша, бір кездері сол маңдағы төртқабатты үйдің төменгі қабатында ақын-

ның өзі тұрғаны айтылады. Сол үйдің алдына мәрмәр тастан арнайы ескерткіш такта орнатылып, ақынның «Бір жұлдыз болып жанамын мен, бір жұлдыз болып қаламын мен» деген өлеңінің екі жолы жазылған.

Бір кездері сол үйді ақын атындағы мұражайға айналдыру жайы көпшілік тарапынан сөз болды. Ел зиялыларының ұсыныс-тілектері баспасөз беттерінде де аз жарық көрмеді. Бірақ өкінішке қарай, бұл үй өзгеге сатылып кеткені кейіннен мәлім болды.

Ал белгілі жазушы, ақын, сатирик Асқар Тоқмағанбетовтің де өмір жолы

өзгеше өрнекке толы. Сұлу сырды әсерлі шығармаларымен тербеген тарихи тұлғаның 70-тен астам кітабы жарық көріпті. Сондай-ақ бүгінде ақынның қаламынан туған 100 мыңнан астам өлеңі жас ұрпаққа рухани азық болып жүр. Өз заманында «Комсомол ақыны» атанған оның сатира жанрында да құлаш сермегені белгілі.

Сыр жұрты белгілі тұлғаның есімін өз деңгейінде де ұлықтай алмай жүр деп айтсақ жалған болар. Қазір өңірде ақын атын-

дағы көше, мәдениет үйі, тіпті ауыл да бар. Еңселі ескерткіш те орнатылған. Алайда ақынның өмір тарихынан сыр тартатын сырлы шығармалары, тұтынған бұйымдары мен қолжазбаларын топтастырып, жас ұрпаққа кеңінен дәріптеуге негіз болатын бір мұражай ашу қажеттігі өздігінен сұранып тұрғаны жасырын емес.

«Қос ақынымыз да тамаша туындыларымен кейінгі ұрпаққа мол мұра қалдырған мақтаныштарымыз. Екеуі де сөз асылын теріп, елдің көкейіндегі ойын дер кезінде шығармаларына арқау еткен дара тұлғалар. Теңізбен бірге тыныстап, толқыннан қуат алған Зейнолла ақын аралдықтардың мақтанына айналса, Асқар Тоқмағанбетов ағамыздың өміршең шығармалары әлі талай ғасыр өз құндылығын жоймайтыны ақиқат. Осы орайда қос тұлғаға облыс орталығынан арнайы мұражай ашу қажеттігі туындап тұрғаны рас. Талай жылдан бері бұл мәселе аз айтылмаса да, іс жүзінде нақты нәтиже бермей тұрғаны өкінішті. Ғұмырының соңына дейін туған жері, халқы үшін тебіреніп өткен дара тұлғаларды ұлықтауға әлі де кеш емес. Арнайы мұражай ашып, қос ақынның тұтынған бұйымдары мен шығармаларын жас буынның жадында жаңғырту жайы ескерілуге тиіс. Құзырлы орындар тарапынан бұл мәселеге бейжай қарамай, нәтижелі жұмыстар жүргізсе нұр үстіне нұр болар еді», – дейді қоғам белсендісі Сапар Ерімбет.

Негізінен, тарихы тереңнен тамыр тартқан Сыр өңірінде өткеннен сыр шертетін мұражайлар қатары аз емес.

Нақты айтқанда, бүгінде облыс бойынша барлығы 14 музей халыққа қызмет көрсетеді. Оның ішінде облыстық деңгейде 2 музей болса, қалалық – 1, сондай-ақ 9 аудандық музей филиалы және 2 ауылдық музей жұмыс істейді. Оның ішінде Ыбырай Жақаев, Нартай Бекежанов, Ғани Мұратбаев атындағы музейлер тағылымы мол рухани орындар қатарында десек артық айтпаспыз. Алайда сыр сұлейлерінің өнер ордасына айналған облыс орталығында ақын-жазушыларымыздың өмір жолынан мәлімет беретін арнайы мұражайлардың болмауы көңілге кірбің ұялатады.

Осы мәселе бойынша Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейіне сауал жолдадық.

«Облыс аумағындағы музейлердің әрбірінде Сыр өңірінің шежіресі, туған жеріміздің тарихынан мағлұмат беретін құнды жәдігерлер көмбесі аз емес. Онда әр аймақтың аузы дуалы ақын-шайырлары мен Қазақ қайраткерлерінің өмір жолынан мол мағлұмат беретін тың деректер қамтылған. Бірақ Зейнолла Шүкіров пен Асқар Тоқмағанбетовке арнайы мұражай ашу ісі әзірге жоспарда жоқ. Мұндай орын ашылады немесе ашылмайды деп нақты айта алмаймыз», – дейді облыстық тарихи-өлкетану музейінің директорының орынбасары Жаннат Дәуренқызы.

Жалпы, өңірден қос тұлғаның сырлы әлемінен сыр шертетін арнайы мұражай бүгін-ертең ашылмайтын сияқты. Нақты қай уақытта қолға алынатыны да беймәлім күйде қалып тұр.

Ал жергілікті жұртшылық Сырдан шыққан қарымды қаламгерлерді дәріптейтін сәт туды деп отыр. Сондықтан да қос тұлғаға мұражай ашу ісін жедел қолға алса деген тілегін жеткізді.



**Облыс аумағындағы музейлердің әрбірінде Сыр өңірінің шежіресі, туған жеріміздің тарихынан мағлұмат беретін құнды жәдігерлер көмбесі аз емес. Онда әр аймақтың аузы дуалы ақын-шайырлары мен Қазақ қайраткерлерінің өмір жолынан мол мағлұмат беретін тың деректер қамтылған.**

## ТАНЫМ

15 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ



# Жиһанкез ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ

«Атың барда жер таны...» деген қазақтың сөзінің жаны бар. Бұл жердегі ойымыз кешегі өткен заманда қазақ даласына жиі ат ізін салған жат елдің жиһанкездері туралы болып отыр. Әсіресе, қазір біз дамыған әлем деп танитын Еуропа елдерінің назары ұлы дала төріне ертеден түскен екен. Оны тарихи деректерден іздеген адам қиналмай табады. Мысалы, біз осы жолы Жетісу аймағына ат шалдырған екі ұлы жиһанкездің жазбаларын сараптап шықпақпыз.

**А Қалмаханбет МҰҚАМЕТҚАЛИ,**  
Жетісу облысы

**АТКИНСОНДАР  
АТ ШАЛДЫРҒАН АУЫЛ**

Жетісудағы Қапал өңірінің Жаты көне Еуропа жұртына XVIII-XIX ғасырларда мәшһүр болған екен. Оның ішінде Тамшыбұлақтың данқы әмбеге аян болыпты. Анығында, Ұлыбританияда Ұлы даланың бір пұшпағы жайлы мағлұмат мол екен. Қараңыз, қазақтың кең даласы мен тұманды Альбион алабының арасын байланыстыратын жазба деректерді алғашқы болып саяхатшы, жазушы Томас Аткинсон тасқа басып қалдырғаны тарихтан мәлім. Сонау 1844 жылы Орал мен Алтай тауларының аралығындағы Ұлы дала төсін аралап өткен ағылшын азаматы Аткинсон Алатаудың етегін де бойлай басып өтіпті. Нақтысында, Жетісу өңірінде шеру болып жатқан екен. Кезіндегі Қапал бекінісінде қыстап, жергілікті қазақтардың дәстүрі мен салтына қанық болған саяхатшы өңірдің тұмса табиғатына тамсаныпты. Ең ғажабы, Томастың тұңғыш баласы қазіргі Алматы облысының Ақсу ауданына қарасты Тамшыбұлақ ауылында дүниеге келген. Томас пен Люси ұлдарына Алатау – Тамшыбұлақ деп ат қойыпты. Қазір Алатау – Тамшыбұлақтан тараған ұрпақ Ұлыбритания мен Америкада тұрып жатыр. Ғажабы, 2016 жылы арғы аталарының кіндік қаны тамған өлкеге тәу ету үшін Аткинсондардың жаңа буыны Жетісуға келген болатын.

Айтпақшы, ағылшындар әдепкі ақсүйектігінен жаңылмай, бір кезде қазақ даласынан дәм татқан Томас Аткинсонның қызметі мен еңбектері жайлы зерделеп, зерттеп жеке кітап жазған. Оның ішінде Аткинсон қазақ ұлтының 1844 жылы жазып қалдырған тұрмысы, салт-дәстүрі жайлы қызықты деректерге ерекше мән берген екен. Қазіргі британ саяхатшылары өркениетке ілескен

Тәуелсіз Қазақстанды тануға да ынталы екен. 2019 жылы Талдықорғанға ағылшынның саяхатшы-жазушысы Джон Масси Стюарт келген болатын. Сол кезде 82 жасқа толған қарт қаламгер Жетісу оқырмандарына «Аткинсондар әулетінің Сібір мен қазақ даласында бастан кешкендері» атты кітабын таныстырған болатын. Ағылшын тілінде жарық көрген еңбек Еуропада сұранысқа ие екен. Кітапта Томас пен Люси Аткинсондардың Ұлы дала жайлы шынайы жазбалары мен салған суреттерінің тарихы, олар бірге өмір сүрген қазақ ауылының тағ-



дыры жайында нақты деректер жарияланған.

Жалпы, Жетісу, оның ішінде Қапал өңірі ағылшын жиһанкезінің назарына неге ілікті деген қызық сауал туады. Бұл жерде таза табиғи фактор негіз болғанға ұқсайды. Өйткені Қапалдың бір жауһары – Тамшыбұлақ. 1859-1865 жылдары Жетісуды аралаған ұлы саяхатшы, этнограф Шоқан Уәлиханов жергілікті халықтың аузынан Тамшыбұлаққа қатысты аңызды естіп, хатқа түсірген екен. Шоқан былай деп жазады: «Күн сәулесіне құбылған Тамшыбұлақтың тамшылары бірін-бірі сүйген сұлтанның қызы мен мал баққан жалшы ұлының көз жасы екен. Сұлтанның қызы Баян әр түн сайын осы қасиетті Тамшыбұлақтың шипалы суына келіп, басындағы ауыр халін айтып жылаған екен. Міне, тамшылап тұрған тамшылар – Баян қыздың көз жасымыс». Кейін Тамшыбұлақ топырағына Шоқан салған ізбен



П.Семенов-Тянь-Шанский, Н.Абрамов, А.Голубев сияқты орыс өлкетанушылары келіп, табиғаттың сыйына тамсанып кеткен. Ел аузында жарқабақтан тамшылай аққан судың емдік шипасы жайлы түрлі еңгіме бар. Қыстың көзі қырауда да қатпай, тамып түсетін мөлдір тамшыда көз, асқазан, сүйек – буын, жүйке ауруларына

седи. Тұмса табиғаттың таңғажайып сыйы іспетті бұл мекенге орыс отаршыларының аяғы тигенде империялық максатты көздеген әскери шенділер «Қапалдың кені дәл 7 жарым ғасыр бұрын көне құрлықты дүбірлеткен француз мәдениетінің өкілі Ұлы дала төсіндегі өркениет ошағына қадам басқан еді.

## РУБРУК АЯЛДАҒАН ҚАЛА

Егер «уақыт машинасына» отырып, осыдан тура 800 жылдай бұрынғы Жетісу аймағына сапар шегу мүмкіндігі болғанда, біз әйгілі саяхатшы Вильгельм де Рубрукпен жүздесер ме едік... Еуропада емес, өзіміздің жерұйық мекенде. Өйткені дәл 7 жарым ғасыр бұрын көне құрлықты дүбірлеткен француз мәдениетінің өкілі Ұлы дала төсіндегі өркениет ошағына қадам басқан еді.

Франция королі IX Людовиктің елшісі, саяхатшы Вильгельм

**Рубрук жазбаларында «Қаялық» деп аталған көне қала қазіргі Сарқан ауданының аумағында жатыр. Біздің заманымыздың IX-XII ғасырлары аралығында Жібек жолы бойындағы ең ірі сауда орталығы мен керуен көшінің тоғысында болған қарт Қаялықтың құпиясы әлі толық ашыла қойған жоқ.**

дәрі болып, дем беретін қасиет бар екен. Ал жарды қаптаған жұқа балдыр қол-аяғы қақсаған, буын сыздаған, сүйегі сырқыраған жанға ең қажетті ем-дом дейді. Қазір Тамшыбұлақ Алматы облысының Ақсу ауданына қарайды. Көне Қапал бекінісіне, қазіргі ауылдық округ орталығына апаратын жол бойында мөлдіреп жатыр. Көрікті өлкеде тарихи мазмұнға толы орындар көптеп кездеседі. Нағыз туризм көзіне сұранып тұр.

Жалпақ Жетісу өңіріндегі Қапал өлкесінің атауы қазақтың соңғы бір ғасырлық тарихындағы жазбаларда жиі кезде-

де Рубрук Жетісуға алғаш рет аяқ басып, керуен жолының тоғысындағы ірі қалаға келгені жайлы былай деп жазады: «...көптеген көпес қатынап тұрған Қаялық деген үлкен қала таптық...». Саяхатшының ағысы қатты Іле өзені аңғарын бойлай өтіп, қазіргі Алматы облысының аумағындағы бірнеше арналы өзендерді кешіп өткеннен кейінгі суреттемесі осылай аяқталды. Яғни, 1253 жылы IX Людовик патшаның пәрменімен Орталық Азия аймағына сапарға шыққан Рубруктың Жетісуға келіп, көне Қойлық шаһарына бас сұққаны жайлы дерек нақты.

Рубрук жазбаларында «Қаялық» деп аталған көне қала қазіргі Сарқан ауданының аумағында жатыр. Біздің заманымыздың IX-XII ғасырлары аралығында Жібек жолы бойындағы ең ірі сауда орталығы мен керуен көшінің тоғысында болған қарт Қаялықтың құпиясы әлі толық ашыла қойған жоқ. Шаһар атауы да ауыздан-ауызға көше келе Қойлыққа айналған. Тіпті, Жетісудың шығысындағы өркениет ошағының нақты қай мекенде қоныс тепкені жайлы тарихшылар мен археологтердің арасында ұзақ дау болған екен.

Көне қала шежіресі жайлы тарихи деректерді алғашқы болып ұсынған қазақтың біртуар ұлы Мұхаметжан Тынышбаев болатын. Одан әріде Шоқан Уәлихановтың жазбаларында да Қойлық жайлы қызықты дәйектер кездеседі. 1964 жылы Жетісу археологиялық экспедициясы барлау жұмыстарын аяқтап, көне қаланың Сарқан ауданы Антонов ауылының іргесінде болғанын анықтаған. Ал 1997 жылы археолог Карл Байпаковтың басшылығымен Қойлықта қазба жұмыстары басталды. Көне шаһардың атауы жаңғырып, Антонов есімін иеленген ауыл Қойлық аталды.

Қойлық қалашығы әлі күнге дейін құпиясын толық ашпаған тарихи жәдігер ретінде қалып отыр. Қазба жұмыстарының нәтижесінде осыдан 7 ғасыр бұрынғы өркениет өлшемін қолмен ұстатқандай дәйектер табылған. Мәселен, сол тұста Жетісу алабында будда, христиан және ислам діндері өркениетінің қатар дамығанына дәлел жеткілікті. Аршылған топырақ астынан мешіт, шіркеу, храм қалдықтарын көзбен көруге болады. Шығыс моншасы, түрік хамамы сияқты орындар да табылған. Қала ішінде коммуникация желісі де болғанына айғақ бар. Терен көмілген топырақ астынан шыққан қыш құбырлар ғимараттарға су жеткізу жүйесінің дамығанына хабар берсе керек. Әрине, бүгінгі заман үшін 800 жыл бұрынғы өркениет дегеніңіз аңыз ғана...

Бүгінде Қойлық ауылындағы Мағжан Жұмабаев атындағы мектептің жұмысы көне тарихтың шырақшысы болып отыр. Қазба орындарынан табылған жәдігерлер оқу орнының музейінде сақталуда. Мектептің оқушыларына дейін туған өлкесінің тарихы туралы аңыз әңгімені жатқа соғады. Осы мектептің қорында ауыл тұрғындары тауып алған қыш құмыралар, басқа да көне өркениеттің белгісі бар жәдігерлер көптеп сақталған.

Дерекке қарасақ, Қойлықтағы қазба жұмыстары ашық әдіспен жүргізіледі екен. Бұл жағдайда аспан астындағы үйінділерді жанбыр суы шайып, жәдігерлерді бүлдіріп кетпес үшін қазба қабаттары қайта көміледі. Өкінішке қарай, бұл көне қаланың тарихи келбетін қалпына келтіруге кедергі болып отыр. Яғни, аршылған қазбаны көруге ынталы адамдардың қорғандарды аралауына жағдай жоқ. Бола қалғанда тарихи туризмнің көзі ретінде Қойлық қалашығының екінші ғұмырына жан бігер ме еді?

## АЙМАҚ

15 НАУРЫЗ 2025 | СЕНБІ

**Б**үгінде Тараз қаласындағы автобус парктері жаңа көліктермен толығып, жаңарғанымен әлі де болса түйіні тарқамаған түйткіл көп. Әсіресе, қоғамдық көліктерді басқаратын жүргізушілердің тапшылығы қос бүйірден қысып тұр. Сонда қала тұрғындары қоғамдық көлікті басқаруға неге құлықсыз? Қойылатын талап пен тәртіп қатаң ба, әлде мұның басқада себептері бар ма?

**А** Саятхан САТЫЛҒАН,  
Жамбыл облысы

Қазір Тараз қаласында «Автобусный парк 2020», «Әулиеата-ТрансПасс», RashLau, «Тараз-ТрансМоторс», «Саяхат-99», «СапарТранс 2012», «Дамрус» және Smart City Service сияқты 8 тасымалдаушы мекеме 43 бағыт бойынша қызмет көрсетеді.

— Тасымалдаушы мекемелердегі жылжымалы құрам саны 435 бірлікті құрайды. Күнделікті қызмет көрсетуге 393 кесте (автобус) бекітілген. Оның ішінде 288-і соңғы үш жылда келген үлкен сыйымдылықтағы жаңа автобустар. Бұл қазіргі бағыттарда күнделікті қызмет көрсетіп жүрген автобустардың 73 пайызын құрайды. 2023 жылы №10, №20, №56, №17 маршруттық бағыт, былтыр №57, №50, №41, №18, №13 маршрут ашылған болатын. Сонымен бірге осы жылы 15 қаңтардан бастап, станса Талас-Ауыл береке базары аралығына қатынайтын №62 маршрут және 12 ақпаннан бастап Түркісіб-Бектөбе алқаптары аралығына №37 маршрут қызмет көрсетуді бастады, — дейді Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын жай-қоммуналдық шаруашылық бөлімінің көлік және жолаушылар тасымалдау секторының менеджері Нұрлан Сапар.

Жалпы, жоғарыда аталған 8 мекемеде 554 жүргізуші жұмыс істейді. Дегенмен таңертең жұмысына, кешкісін үйіне асыққан тараздықтардың көпшілігі аялдамада автобусты күтіп, ұзақ тұрып қалатынын айтып шағымданып жасырын емес. Мұның басты себебінің бірі — автобус жүргізушілерінің тапшылығы. Жүргізушілер екі күн жұмыс істеп, екі күн демалыс алуы керек болса, кейбір автопаркте бұл қағида сақталмаған. Одан бөлек, таңмен таласа тұрып жұмысқа шығып, кеш бата келетін жүр-

# Көлік көп,

# жүргізуші

# жоқ



гізушілер жалақының мардымсыздығын айтып қынжылады. Солардың бірі — кезінде «ӘулиеатаТрансПасс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде жүргізуші болған, бүгінде Астана қаласында нәпакасын тауып жүрген Нұржан Жолдасов есімді азамат.

— Мен жалпы «Әулиеата-ТрансПасс» серіктестігіне алғыстан басқа айтарым жоқ. Сол жерде көлік жүргізудің қыр-сырына қанықтым. Алайда қысқа жіп күрмеуге келмеген соң амалсыз Астанаға аттандым. Түсінікті етіп айтсам, Таразда айына 1 теңге тапсаңыз, елордада 3 теңге табасыз. Сол бала-шағаның қамы деп алыста жүрміз. Таразда бір айда 26 күн істеп 320 мен 350 мың тең-

ге аралығында жалақы алсақ, мұнда 15 күн жұмыс істеп 900 мың, ал 22 күн рөлде отырсақ, 1 200 000 теңгені санап аламыз. Сонымен бірге Таразда кезекті еңбек демалысының ақысына 150 мың теңге түссе, Астанада 900 мың, ал сауықтыру жәрдемақысын қосқанда 2 миллион теңге қолға тиеді. Сонымен бірге әр мереке сайын қомақты сыйақы беріледі. Әрине, өз отбасының қасында жұмыс істегенге не жетсін?! Бірақ айына төлейтін 300 мың теңге кредитім бар. Сондықтан көне шаһардағы автопаркте жұмыс істейтін жүргізушілер Астана мен Алматы сияқты үлкен қалаларға кетуге мәжбүрміз, — деп ауыр күрсінген Нұржан

елордада тараздық талай жігіттің автобус айдап жүргенін тілге тиек етті.

Сұлтанғазы Мұханов та жалақының жетіспеушілігінен Әулиеатадан Астанаға табан ауыстырған жүргізушінің бірі.

— Жасыратыны жоқ, басты мәселе айлыққа барып тіреледі. Сол баяғы жетіспеушілік. Айына 350 мың теңге кредит төлеймін. Таразда табатын жалақым қарыздың өзін толық жабуға жетпейді. Бес балам бар, олардың тамағы, киімі бәрі қып-қызыл ақша. Өздеріңіз білесіздер, қазір қымбат-

Басқа ешқандай жұмысқа тартылмайды. Ал Алматы, Астана қалаларында айлық бізбен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Сондықтан да жүргізушілердің көбі сол алып мегаполистерге кетіп жатыр. Адам еңбегін біз де бағалағымыз келеді, дегенмен өңірдегі қаржылық жағдай қолымызды байлап тұр, — дейді Рашид Сантөреұлы.

Тағы бір мәселе — тараздық автобус жүргізушілерінің айтуларына, жол полициясы себепсіз тоқтатып, оларға орынсыз айыппұл салатын көрінеді. Сол себептен де өзі аз жалақымен жұмыс істеп жүрген жүргізушілер басқа жұмысқа ауысып кетеді.

Осыдан кейін біз Жамбыл облыстық Полиция департаментіне қайырылып, жүргізушілердің жанына батқан жағдайды сауал ретінде төтесінен қойдық.

— Тексеріс ешқашан толастаған емес. Әсіресе, шаһардағы түрлі іс-шара кезінде көліктер жиі тоқтатылып әкімшілік хаттама толтырылып тұрады. Бұл — автобус паркіне немесе жүргізушіге жасалып жатқан шара емес. Бұл тек халықтың қауіпсіздігі үшін қолға алынуда. Қатаң бақылаудың арқасында бұрынғыға қарағанда тәртіп бұзу азайып келеді. Десе де, осы жылы автобустардың қатысуымен 7 жол көлік оқиғасы болды. Сондықтан тексеру жұмысы алдағы күндері де өз жалғасын таба береді. Барлығы да заң шеңберінде жүретін шара, — дейді департаменттің баспасөз қызметі.

Сонымен бірге автобус жүргізушілердің тапшылығы тек жоғарыда аталған мәселелерге ғана байланып тұрған жоқ. Автопарк басшыларының айтуынша, оның тағы бір себебі — қала ішінде автобус жүргізушілерінен D категориялы жүргізу құжаты талап етілетіндігінде. Егер D1 категориялы жүргізушілерге автобус жүргізу құқығы берілсе, үлкен мәселенің шешімі табылады екен. Себебі D1 санатты жүргізушілер тек шағын автобустарды жүргізуге, ал D категориялы жүргізушілер ғана 16-дан аса жолаушыны тасымалдауға құқылы. Бұл да жүргізушілер тапшылығы мәселесін шешуге үлкен кесірін тигізуде.

Әрине, байыбына бармай жатып, байбалам салудан аулақпыз. Алайда жоғарыда айтылған мәселелер кезек күттірмей шешілуі қажет еткені анық. Балкім жүргізуші куәлігіне берілетін «D» және «D1» категорияларына қатысты жаңа өзгерістер енгізу керек шығар. Сондай-ақ автобус жүргізушілерінің жалақысын көтеру жолын да қарау қажет. Олай дейтініміз — 14 наурыздан бастап Тараз қаласында жол жүру құны тағы қымбаттап отыр. Бұдан бөлек, автопарк иелеріне берілетін субсидия мөлшері де жылда көбеюде. Осыны ескере отырып, жалақы мәселесіне қатысты да бір өзгеріс енгізетін уақыт келген секілді. Әйтпесе, жүргізушілеріміздің барлығы үлкен қалаларды бетке алып, өзіміз жер сипап қалуымыз бек мүмкін.

**Тағы бір мәселе — тараздық автобус жүргізушілерінің айтуларына, жол полициясы себепсіз тоқтатып, оларға орынсыз айыппұл салатын көрінеді. Сол себептен де өзі аз жалақымен жұмыс істеп жүрген жүргізушілер басқа жұмысқа ауысып кетеді.**

шылық қос бүйірден қысып тұр. Сондықтан отбасын асырау үшін осында жүрміз. Таразда автопарк бізге сағатына 1 500 теңге төлесе, Астанада 2 300 теңге белгіленген. Оған түрлі сыйақыны, артық істеген күндердің ақшасын қосыңыз, кәдімгідей қаражат шығады. Мен де отағасы ретінде жарымның, балаларымның жанында болғым келеді. Егер жалақымызды көтерсе, ертең-ақ Таразда тартып кетер едім, — дейді С.Мұханов.

Жүргізушілердің пікірін білген соң, «Әулиеата-ТрансПасс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Рашид Пірмановты сөзге тарттық.

— Бүгінде біз шаһарда 17 бағыт бойынша жолаушыларға қызмет көрсетеміз. Әрине, сіз көтеріп отырған мәселе маған да, менің әріптестеріме де өте таныс. Рас, Таразда автобус жүргізушілердің тапшылығы сезіледі. Жалпы, қандай да бір кәсіпорынның дамуы үшін ең әуелі жұмысшыға жағдай жасалғаны дұрыс, сонда ғана жұмысыңнан нәтиже болады. Қазір біздің қаламызда жүргізушілердің орташа жалақысы 350 мың теңгені құрайды. Жүргізушілер екі күн істеп, екі күн демалады. Мөлшермен бір айда 15 күн жұмыс істейді деген сөз.



